



# TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//21 ҚАҢТАР 2021 ЖЫЛ

АК ОРДА

## Президент бастамалары: Жаңғыртулар бар салада жүйелі жүргізілуі тиіс



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында бірқатар саяси бастама көтерді. Бұл – саяси жаңғыру бағытында жүйелі түрде дәйектілікпен жүзеге асырылып келе жатқан реформаларды үшінші президенттік топтамасы.**

### БЕКЕТ КӨКЕНАЙҰЛЫ

Мемлекет басшысы сессияның ашылуында сөйлеген сөзінде құрамы жаңғырған жана Мәжілістің қызметке кірісуі еліміз үшін символдық

мәні бар екі оқиғамен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті. Ол – ел Тәуелсіздігінің отыз жылдық мерейтойы мен қазіргі заманғы Қазақстан парламентаризмінің ширек ғасырлық белесі. Мемлекет басшысы осы тарихи кезеңде сенім мандатына ие болған депутаттар халық үмітін ақтап, Отанымызға адал қызмет ететініне сенім білдірді, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығында кешенді реформалар жүргізілетін болады. Барлық күш-жігер тиімді мемлекет пен әділетті қоғам құруға жұмылдырылады. Бірінші, яғни ең басты басымдық – халықтың тұрмыс сапасын жақсартып, әл-ауқатын артты-

ру. «Жұрт жасанды жетістіктерді емес, көзбен көріп, қолмен ұстайтын нақты нәтижені күтеді. Халық экономикалық және әлеуметтік бағдарламалардың жемісті болғанын қалайды. Біз осы мақсаттағы ауқымды жұмыстарға барлық белсенді азаматтарды тартамыз», – деп Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы көзлеген мақсатқа жету үшін барлық салаларда дәйекті өзгерістер жасалатынын, ол үшін қандай басымдықтарға мән беріміз қажет екенін айтты. Ең алдымен, құқықтық мемлекетті қамтуға және азаматтардың билік органдарына сенімін нығайтуға күш салу керек. «Осы бағыттағы реформалар жүзіні байыппен орталықсыздандыруды,

мемлекеттік аппаратты жаңғыртуды, квазимемлекеттік секторды онтайландыруды және барлық үдерісті цифрландыруды қамтиды. Сол арқылы мемлекеттік аппарат барынша ықпал, ашық әрі тиімді, ал, шешім қабылдау үдерісі икемді және айқын болады. Азаматтардың құқықтары лайықты қорғалмаса, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан даму мүмкін емес», – деп Қасым-Жомарт Тоқаев.

Екінші басымдық – қуатты әрі инклюзивті қоғам қалыптастыру. Мемлекет басшысы бұл жолдағы негізгі құрал тиімді әлеуметтік саясат екенін айтты.

### ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР	Last	%Δ1D	%Δ1M
Risers			
KZAP 20.01.21 12:16	7 927,00	+2,81	+18,49
GB KZMS 20.01.21 12:38	3 997,00	+2,36	+14,40
KZTK 20.01.21 12:39	26 385,94	+1,15	+2,46
CCBN 20.01.21 12:28	211,00	+0,05	-0,94
-	-	-	-
KASE Индексі 20.01.21 12:33	2 831,56	+0,58	+8,17

### АҚША НАРЫҒЫ

Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M
MM Index 19.01.21 17:50	8,07	-0,12	-0,25
TONIA 18.01.21 17:15	8,13	-0,06	-0,23
TRION 20.01.21 12:30	8,30	+0,17	-0,39
SWAP-1D (USD) 20.01.21 12:35	7,90	0	0
TWINA 20.01.21 12:07	8,70	+0,18	+0,33
SWAP-2D (USD) 20.01.21 12:35	8,00	+0,02	-0,01

### КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Deals	Yield	DTM
MF0Kb1 20.01.21	17.50	-
BTASe16 20.01.21	0.00	-
KZIKb27 20.01.21	8.10	-
FFINb3 19.01.21	0.00	-
BRKZe10 19.01.21	10.93	-
KAFIb10 18.01.21	11.35	-

### МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Deals	Yield	DTM
MUM156_0006 19.01.21	9.60	-
MUM012_0148 19.01.21	9.67	-
NTK091_2694 19.01.21	9.38	-
MUM180_0008 18.01.21	10.00	-
MUM180_0011 18.01.21	10.00	-
MUM120_0017 18.01.21	10.00	-

> [3]

### ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер		
KASE	2.831,56	0.58% ↑
FTSE 100	6.712,95	-0.11% ↓
CAC 40	5.598,61	-0.20% ↓
S&P 500	3.798,91	0.81% ↑
Dow Jones	30.930,52	0.38% ↑
Nikkei 225	28.501,00	-0.46% ↓
DAX	13.815,06	-0.24% ↓
Nasdaq	13.197,18	1.53% ↑

Тауарлар		
Мұнай	56,27	0.66% ↑
Алтын	1.849,75	0.52% ↑
Платина	1.104,00	1.08% ↑
Палладий	2.370,00	0.45% ↑
Никель	1.315,2	0.71% ↑
Алюминий	2.019,00	-0.63% ↓
Күміс	25,543	0.88% ↑

Валюта нарықтары		
USDKZT	418,720	-0.25% ↓
EURKZT	508,470	-0.11% ↓
USD RUB	73,6709	-0.00% ↓
USD JPN	28,1650	-0.12% ↓
USD BWN	2,5440	-0.05% ↓
EUR USD	1,2144	0.13% ↑
GBP USD	1,3659	0.23% ↑

### АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

## Дамуға тың серпін берілмек



Жуырда Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалиннің төрағалығымен аппарат жылына болып өтті. Онда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы қаралады. Алқалы жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары, Ақтөбе қаласы мен аудандардың әкімдері қатысты, деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

### ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Аймақтың басшылық құрамы мен негізгі шаруашылық активі бас қосқан жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Нұржауған Қалауов өңірдегі эпидемиологиялық жағдайдың тұрақты екенін, коронавирус инфекциясының таралуын болдырмау мақсатында барлық

тиісті шаралар қабылданып жатқанын жеткізді. Содан кейін жиында облыстың 2020 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындысы жасалып, ағымдағы жылдың жоспары айқындалды. Облыс әкімінің орынба-

сары Руслан Хамбаров негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өсім байқалатынын жеткізді. Облыс бойынша инфляция 107,5%-ды құрайды. Негізгі капиталға түсетін инвестиция 646,8 миллиард теңгені құрады. Бюджет қаржысының 355 миллиард теңгесі игеріліп, сол көрсеткіш бойынша Ақтөбе облысы өңірлер арасында үшінші орында. Бюджеттің жоспарлау кезіндегі 99,8 миллиард теңгені құрайтын кіріс бөлігі 123,5 миллиард теңгені құраған.

Негізгі мақсаты ауылдағы тұрмыс сапасын жақсарту, ауыл аумақтарындағы инфрақұрылымдарды жаңғырту, оларды өңірлік стандарттар жүйесі параметрлеріне дейін жеткізу болып табылатын «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 2019-2020 жылдары 107 мың тұрғыны бар 17 ауылда 6,6 миллиард теңгеге 39 жоба жүзеге асырылған. Быыл 72,5 мың адам тұратын келешегі бар 32 ауылда 7,7 миллиард теңгеге 78 жобаны жүзеге асыру жоспарланған.

> [3]

### ОТАНДЫҚ ФАРМАЦЕВТИКА



## Дәрі өндірісінің деңгейі

Фармацевтика өнеркәсібі экономиканың маңызды секторы ғана емес, ол халық өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігінің негізі. Пандемияның сынақатерін қабылдаған бүгінгі кезеңде елімізде 96 қаспироны дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіруді жүзеге асырып, осы майдандық тұрақты жұмысын қамтамасыз етуде.

### БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Өткен 12 айда фармацевтика өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 47%-ға өсті. Бұған отандық қаспирондарды шығаратынын өнім көлемінің ұлғаюы себеп болды. Атап өткенде, «Химфарм» АҚ шығаратын өнім көлемін 2 есеге ұлғайтты.

> [5]





# БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

## АПТА ТЫНЫСЫ

### ▶ Ұлттық экономика



### Әл-ауқат қоры есеп берді

Мемлекет басшысы «Самұрық-Қазына» ҰӘК» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімовті қабылдады.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Самұрық-Қазына» ҰӘК» акционерлік қоғамының 2020 жылы атқарған жұмыстарының алдын ала қорытындылары баяндалды.

Соңғы 3 жылда «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры займдарды өтеу үшін өз бастамасымен Ұлттық қорға 554 миллиард теңге қаржы аударған. Соңдай-ақ холдингке қарасты компаниялардың бизнес-үдерістерін цифрлық

трансформациялау нәтижесінде 171 миллиард теңге пайда түскен. Отандық тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған ауқымды жұмыстар жүргізіліп, соңғы екі жылда сатып алулар бойынша үнемделген қаржы 410 миллиард теңге болды.

Самұрық-Қазына кредиттік рейтингі ВВ+/В «Тұрақты» деңгейде екенін халықаралық Standard & Poor's рейтинг агенттігі нақтылады. «Каз-МунайГаз» ұлттық компаниясы мұнай бағасының елеуір арзандауына және OPEC+ компаниясының шешімдеріне қарамастан, қаржылық рейтингте он көрсеткішін сақтап қалды.

«Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамы соңғы 6 жылда бірінші рет өткен жылды қаржылық тұрғыдан пайдамен аяқтаған. «Қазатөмөркәсіп» ҰК» акционерлік қоғамы активтерінің құны IPO-ға (2018 жылы) шығарылғалы бері 2,1 миллиардтан 5,1 миллиард АҚШ долларына дейін көтерілген. «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының қарызы 100 миллиард теңгеге азайып, қаржы тұрақтылығы жақсарды.

Кездесу соңында Қазақстан Президенті ұлттық әл-ауқат қоры басшысына бірқатар нақты тапсырма берді.

### ▶ ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Төртқұл дүниені жайлаған коронавирус пандемиясының қарқыны медициналық көмек пен тестілеудің қолжетімділігіне, қабылданатын карантиндік шараларға және халықтың ауру таралуының алдын алу амалдарын ұстауына байланысты әрқайсы сипатталуда. Осының аясында елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен жанарғылан құрамда өткен Үкіметтің алғашқы отырысында қаралды.

### БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Қазақстанда пандемия басталғаннан бері COVID-19-ға оң нәтижемен 170 098 науқас және 46 866 КВИ- жағдайы тіркелген. КВИ+ 154 449 науқас және КВИ- 34 656 науқас емделіп шықты. Қайтыс болған адамдар саны – КВИ+ 2 423 адам және КВИ- 542 адам. Оның ішінде соңғы тәулікте КВИ+ 999 жағдай және КВИ- 18 жағдай тіркелді, оның ішінде 9 – өлім жағдайы. Денсаулық сақтау министрі А.Цойдың айтуынша, күн сайын матрицаға сәйкес эпиджағдайға бағалау жүргізілуде. 19 қантарда қызыл аймақта 6 өңір тұр: Ақмола, Атырау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары және Нұр-Сұлтан қаласы. Сары аймақта 3 өңір – Батыс Қазақстан, Алматы және Қарағанды облыстары. Қалған 8 өңір – жасыл аймақта. Жалпы алғанда, республика бойынша қараша айынан бастап КВИ-мен сырқаттанушылықтың өсуі тіркелді. Мәселен, қазан айымен салыстырғанда қараша айында сырқаттанушылық 4,5 есе, қарашамен салыстырғанда желтоқсан айында 1,2 есе өсті. Бірқалыпты өсу үраісі қантар айында да сақталып отыр, бұл желтоқсан мен қантар айларында ұзақ мерекелер күндері халықтың барлық профилактика шараларын сақтамауының салдарынан. Мысалы, қантардың 20 күні Қазақстанда 1134 адамнан коронавирус инфекциясы ПТР тест арқылы анықталды. Республикада вирустың репродуктивтік көрсеткіші – 1,1. Инфекциялық төсек орындардың жүктемесі – 32%, реанимациялық төсек орындар – 23%. QazCovid-in отандық вакцинасы клиникалық сынақтардың III кезеңінен өтуде (алдын ала тиімділігі – 96%). «Спутник V» вакцинасының сапасын аттестаттау жұмыстары

жүргізіліп жатыр. GMP стандарты бар вакциналар шығаратын биофармзауыт салынууда. Денмин болжау жөніндегі жұмыс тобы міндетті маска тағу режимін, әлеуметтік қашиқтықты сақтауды және күтілетін вакцинацияны қоса алғанда, қолданыстағы шектеу шаралары сақталған

халық топтарын КВИ-ға қарсы вакцинациялау басталады. Екпе вакцинаның келіп түсуін ескере отырып, кезең-кеземен жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте контингенттер түрі бірнеше кезеңге бөлінген. Бірінші кезекте медицина қызметкерлері, мұғалімдер, күштік құрылымдар қызметкерлері



### Жапнай вакциналау басталады

жағдайда 2021 жылдың соңына дейін эпиджағдайдың дамуына болжам жасалды. «Жағдайлар осы жылдың наурыз айының соңында көп тіркелуі мүмкін. Оптимистік сценарий бойынша тәулігіне 3 мың жағдайға дейін күтілуде, ал төсек қорының барынша қамтылуы 24 мың төсекке дейін жетуі мүмкін. Дегенмен, аталған сценарий кезінде қатан карантиндік шараларды енгізу жоспарлануы отырған жоқ», – деді А.Цой. Реалистік және пессимистік сценарийлер кезінде күн сайын тиісінше 6 және 9 мың жағдайға дейін тіркелуі мүмкін, ал төсек қорының қамтылуы 45 мың төсекке дейін жетеді, яғни КВИ-мен ауыратын науқастарға қолжетімді 52 мың төсектен аспайды, бірақ денсаулық сақтау жүйесіне шамадан тыс жүктеме түсірмеу және сапалы медициналық қызмет көрсетулі қамтамасыз ету үшін қатан карантиндік шараларды енгізу қажет болады. Бірінші кезеңде 2 млн адамды вакцинациялау эпидемияның дамуына оң әсер етеді, бұл вакцинациядан кейін иммунитетті дамыту үшін қажетті уақытпен, халықтың көп бөлігін бір уақытта вакцинациялаудың мүмкін еместігімен шектеледі. Осылайша, алдағы 1 ақпанда – егуге жататын

егіледі. Сөйтіп, жыл соңына дейін 6 млн қазақстандыққа вакцина егу жоспарланған.

«Бүгінгі таңдағы ең маңызды міндет – халықты жаппай вакциналауды ұйымдастыру», – деді А.Мамин.

Үкімет басшысы Денсаулық сақтау министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, 1 ақпандан бастап медициналық ұйымдардың халықты «Спутник V-мен» жаппай вакциналауды бастауға дайын болуын қамтамасыз етуді тапсырды. Өңірлердің әкімдеріне эпидемиологиялық ахуал нақарлаған жағдайда алдын ала шектеу шараларының жоқпарын әзірлеу, халық пен бизнес субъектілерінің белгіленген санитариялық нормаларды қатан сақтауын қамтамасыз ету, бір апта мерзімде инфекциялық стационарлар мен алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында жеке қорғаныш құралдары мен коронавирусқа қарсы дәрі-дәрмек қорларына тексеріс жүргізу міндеттеді. Ішкі істер министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, мониторингтік топтардың жұмысын күшейту, Ақпарат министрлігімен бірлесіп түсіндіру жұмыстарын күшейту тапсырылды.

### ▶ Парламент Мәжілісі

### Өзекті заңдар қабылданады

Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин жақын арада қабылданатын заңдар қай салаларға негізделетінін айтты.

15 қантарда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясында бірқатар міндет жүктеген болатын. Жетінші шақырылым Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл, ал Парламент құрылғанына 25 жыл толатын ерекше кезеңде өз жұмысын бастап отыр. Осыған байланысты Мемлекет басшысы сессияның ашылуында бүгінгі жеткен жетістіктерді сақтап, одан әрі дамыту жолындағы жаңа мақсаттар туралы айтты. Оның ішінде әлеуметтік-экономикалық, құқықтық-саяси бағыттарға баспа назар аударылатын болады.



Осы орайда Н.Нығматулин Парламент аталған бағыттар бойынша тиісті заңдармен қамтамасыз ететінін атап өтті. «Сол үшін Мемлекет басшысы сессияның ашылуында депутаттардан сапалы заңдарды талап ететінін ерекше атап өтті. Ол заңдар ең алдымен халықтың өмір сапасын,

білім, денсаулық сақтау салаларын жақсартуға, әлеуметтік қамтамасыз етуге, шағын және орта бизнесті қолдауға ықпал етуге тиіс. Сондықтан біздің басты мақсатымыз – жоспарға сәйкес өз уақытында халыққа қажетті, пайдалы заңдарды қабылдау», – деді ол Мәжілістің жалпы отырысында.

### ▶ Аймақ асулары

### Өңірдегі оң көрсеткіш



Еліміздің ең ірі агроөнеркәсіптік кешені – Ақмола облысы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге субелі үлес қосып келеді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығында 12,8 пайыз тұрақты өсім тіркелді.

Егіс науқаны кезіндегі қатан карантинге, сондай-ақ ауа-райының қолайсыздығына қарамастан, өңір дикандары әр гектардан орташа 11,8 центнерден 5,2 миллион тонна астық жина-

ды. Бұл республика бойынша жиналған астықтың төрттен бір бөлігі. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, астық өндірісінің жалпы көлеміне Аршалы ауданындағы «Камеңа және Д», «Свободное» және «Белоярка-2019» серіктестіктері тәрізді бірқатар кәсіпорын елеулі үлес қосты.

Өткен жылдың 11 айында облыстың ауыл шаруашылығына салынған инвестициялардың көлемі 53 миллиард теңгеден

асты. Бұл алдыңғы жылдың деңгейімен салыстырғанда 10,3 пайызға жоғары. Оның ішінде 34 миллиард теңгесі ауыл шаруашылығы құрылымдарының жеке қаражаты. Жаңа жобаларға инвестиция салу, өсу және даму жағынан алғанда шаруаларға екі есе тиімді болып отыр. Өйткені, мемлекет инвестициялық шығындарды ішінара өтейді. Агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуі мен инвестициялық салымдарды субсидиялау үшін 13 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Өткен жылы мемлекеттік қолдаудың арқасында 40 жоба іске асырылып, олардың аясында бордақылау аяндары мен асыл тұқымды мал фермалары, сүт-тауар фермалары, құс фабрикалары, астық және көкөніс қоймалары, қайта өңдеу кәсіпорындары, балық өсіру фермалары салынды, суару жүйесі енгізілді.

### ▶ ТУҒАН ЖЕР



### НАУРЫЗЫМ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҚОРЫҒЫ ▶

1931 жылы 30 шілдеде құрылған Наурызым қорығының бастапқы ауданы 250 мың га болып белгіленді және екі ірі алаптан тұрды. Қорықтың қазіргі аумағы 191,4 мың га құрайды. Қазіргі әкімшілік шекара бойынша қорық Қостанай облысының Наурызым және ішінара Дулкөл аудандарында орналасқан. Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы – Еуразияның ертелед келе тартқан қорықтарының бірі. Қорықты құрудың негізгі мақсаты солтүстік Қазақстанның дала аймағының әдеттегі, сирек кездесетін және бірегей табиғат кешендерін, жануарлар мен өсімдіктер әлемі табиғи күйінде сақтау болып табылады. Далаың біраз бөлігін қауырсын қау басқан үлкен алаң алып жатыр. Көктемде Наурызым даласы ерекше көз тартады. Сәуір айының соңында жазық далада тұтас кілем тәрізді әр түрлі реңді құндызшоппер, орман алаңқайларында ашық сары түсті жанаруәдер гүлдей бастаса, ал сазды жерлерде қосуді және жатаған қызғалдақтар қауыз ашады.



БИЗНЕС & БИЛІК

АК ОРДА

# Президент бастамалары: Жаңғыртулар бар салада жүйелі жүргізілуі тиіс

> [11]

«Соңғы жылдары білім беру саласын реформалауда ілгерілеу бар. Сонымен қатар осыған дейін қордаланып қалған бірқатар мәселені шешу қажет. Әртүрлі әлеуметтік топтар мен аймақтар арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайту – маңызды міндет. Бұл ретте қайта оқыту және жетекшілердің біліктілігін тұрақты түрде жетілдіру бойынша жаңа саясат қажет. Осы мақсатта арнайы ұлттық жоба әзірлеп, іске асыру керек», – деді Президент.

Пандемия жағдайында өзектілігін көрсеткен отандық денсаулық сақтау саласы да жаңғыртылды. Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік қамсыздандыру саясатын қайта жаңғыртып, мемлекет көмекке мұқтаж азаматтарды қолдауға басымдық беріуі тиіс екенін жеткізді. Әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі бағыттарының бірі – отандық зейнетақы жүйесі. Мемлекет басшысы атаған жүйенің әділетті, тұрақты, халықтың мүддесіне сай құрылуы қажет екенін атап өтті.

Үшінші басымдық – ұлттық экономиканы тұрақты дамыту. Онысыз халықтың әл-ауқатын арттыру мүмкін емес. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы үкіметке экономикалық белсенділікті қолдауға бағытталған контрагтбекті макроэкономикалық саясатты жалғастыруды тапсырды. Сондай-ақ бизнеске қолайлы жағдай қалыптастыруды міндеттеді. «Еңбек нарығының тез өзгеруін ескере отырып, жұмыс күшінің өнімділігі төмен секторлардың экономиканың неғұрлым өнімді бағытына бет бұруын қолдау қажет. Бұған дейін айтқанымыз, еліміздің өнеркәсібі іккені және қазіргі өзгерістерге бейім болуы керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Аумақ пен кенестік тұрғысынан еліміздің теңгерімді дамуы – төртінші басым міндет. Бұл ретте барлық өңірлерді біртұтас экономикалық кеңістік арқылы байланыстыратын аса маңызды салаларды дамытуға баса назар аударылды. «Өңірлерді, қалаларды, аудандар мен ауылдарды өзара байланыстыратын инфрақұрылымды



жақсартуға басымдық беріледі. Жаңа стандарттарға сәйкес 3500-ден астам ауылды жаңғыртудың маңызы зор. Айналасындағы елді-мекендердің тірегі саналатын әрбір ауылға баратын жолдар мен республикалық маңызы бар жолдар 100 пайыз жөнделеді», – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда жергілікті өзін-өзі басқаруды әрі қарай жетілдіру үшін бюджеттік рәсімдерді жеңілдетіп, өкілді және атқарушы органдардың дербестігін арттыру маңызды екені айтылды.

Бесінші, реформалардың басты бағытының бірі – саяси жаңғырту. Оның негізгі қағидаты – барлық өзгерістерді жалпыұлттық диалог пен мәмілеге сүйеніп, эволюциялық жолмен жасау. Президент биыл желтоқпанда ауылдық округтерде сайлау өтетінін мәлімдеді. «Біз жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін ең төменнен бастап нығайтуды көздеп отырмыз. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондықтан алдағы уақытта ауыл әкімдерін сайлағаннан кейін аудан әкімдерін сайлауға көшуге болады. Алайда, мұнымен де шектеліп қалмауымыз керек. Саяси жүйені оңыртқырып, шешім қабылдау үдерісін азаматтардың ықпал етуін күшейте түсу үшін серпін қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент биылғы сайлау науқанын карантин шектеулеріне қарамастан

атқару органдарының жастар саясатын жүзеге асыруға қатысты жұмысы соның негізінде бағаланды», – деді Мемлекет басшысы.

Жетінші – адам құқықтарының толық қорғалуы. Бұл мемлекеттің басты мақсатының бірі болып қала береді. Осы ретте азаматтардың таңдау еркіндігін барынша қамтамасыз ету өте маңызды. «Әлемдік тәжірибеде адамның қандай да бір сайлауға келіспейтінін немесе үміткерлердің бөріне қарсы екенін заңды түрде білдіру құқығы кенінен қалыптасқан. Шын мәнінде, баламалы пікір және бөріне қарсы дауыс беру ұғымы біз үшін де қалыпты нәрсе болуға тиіс. Сондықтан барлық деңгейдегі сайлау боллеттендеріне «бөріне қарсымын» деген жазу енгізілген жөн. Бұл бастама азаматтардың сайлау құқығын қорғауға жағдай жасайды. Таңдауы қожтығын ресми көрсетудің өзі таңдау емес пе?!» – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атап өткендей, ұсынған бастамалар – қазір күн тәртібінде тұрған ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалардың бір бөлігі ғана. Оның көптеген бағыты бойынша қажетті жан-жақты талқыланп жатыр. «Депутаттар бұл жұмысқа белсене қатысып, Үкіметпен сындарлы қарым-қатынас орнатуы қажет деп санаймын. Менің негізгі ұстанымым – қоғамдағы барлық өзекті мәселелер, ең алдымен, Парламентте талқылануға тиіс. Қоғам өкілдері мен сарапшылар заң жобаларын дайындау ісіне барынша атсалысуы керек. Азаматтардың наразылығын туғызуы мүмкін даулы мәселелер бойынша тиімді кері байланыс орнату – басты талаптың бірі. Парламенттің алдында маңызды екі міндет тұр. Бұл – сапалы заңдар қабылдау және өзекті мәселелердің шешімін табатын орталыққа айналдыру», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ел мүддесі үшін айналып қызмет ететін қайта жаңғырған жұмыс ортасы – Парламент депутаттарына халқымыздың оң өзгерістер күтетінін әрдайым есте ұстаған абзал екенін айтып, шешім қабылдау кезінде асқан жауапкершілік танытуға шақырды.

АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

# Дамуға тың серпін берілмеқ

> [11]

Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында 41,5 миллиард теңгеге 300 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылып, 12 мың адам жұмысқа орналасты. 22 803 жаңа жұмыс орны құрылды, оның 56% – ы тұрақты. «Жол картасының қорытындысы бойынша Ақтөбе облысы – республикамызда жұмыссыздық деңгейі 0,1% төмендеген жалғыз өңір. Осы жылы шағын және орта бизнес микрокредит беру үшін 1,1 миллиард теңге, тағы 13,9 миллиард теңге инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бөлінбек. «Еңбек» бағдарламасымен 54 248 адам қамтылып, 2 мыңдай адам мемлекет қолдауын пайдаланды, 1 357 адам 745 миллион теңгеге қайтарымсыз гранттар, 953 адам 4,6 миллиард теңгеге шағын несиелер алды. Көпшілік мақұлдаған шаралардың нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 4,8%, жастар арасындағы жұмыссыздық – 2,7% құрады», – деді Руслан Хамбаров.

Облыс әкімінің орынбасары Амангали Бердалиев ауыл шаруашылығының 2020 жылдағы дамуы туралы баяндады.

Откен жылы ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы өндiрiсi 324,7 миллион теңгенi, нақты көлем индекси 106,7%-ды құрапты. Негiзгi капиталға 22,4 миллиард теңге инвестиция тартылған. Осiм – 110,4%.

Субсидиялауға республикалық және облыстық бюджеттен 19 миллиард теңге бөлінген, соның ішінде 863 миллион теңге мал шаруашылығына берілді.

Осы ретте облыс әкімі Ондасын

Оразалин субсидия алатын әрбір шаруашылық бойынша нақты талдау жүргізуді тапсырды. «Мемлекет ауыл шаруашылығын дамытуға қанша қаражат бөлетінін ескерсек, барлық көрсеткіштер бойынша айтарлықтай өсім болуы керек. Біз ауыл шаруашылығы тауарларын өндiрушiлерден бағаны тұрақтандыру, мал басшысын, ұқсату көлемiнiн осiмi түрiнде қайтарымды көрiмiз керек», – деп атап өтті облыс басшысы.

Ағымдағы жылы Ақтөбе қаласында, Хромтау, Мәртөк, Қарғалы аудандарында тауарлы сүт фермаларын, ет пен жұмыртқа бағытындағы құс фермаларын, бордақылау алаңдарын, жылыжай, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өндiрiсiн экспортқа бағытталған өндiрiсiнi қоспiпорындар ашу, өндiрiсiнi кооперативтердiң тиiмдiлiгiн арттыру, өгiсiк жерлердi әртараптандыру, тұрақты сұрыланып жерлердi айналымға енгiзу бойынша үлкен жұмыстар жоспарланған.

Облыс әкімінің орынбасары Сәлімгерей Бекбергенов 2020 жылдың қорытындысы бойынша «Бизнестің жол картасы», «Қарапайым заттар экономикасы» және «Еңбек» бағдарламалары аясында бизнестің 1675 жобасы қолдау тапқанын баяндады. Өңірлер тұрғысынан алғанда, облыс көшбасшылар қатарында. Бизнестің жол картасы аясында кәсіпкерлік субьектілерінің 1108 жобасы қолдау көрді. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша 38,9 миллиард теңгеге 122 жоба мақұлданды. Жобалардың дені аграрлық-өнеркәсіп кешені, азық-түлік өнеркәсібі, құрылыс индустриясы, білім және т.б. салалар үлесінде.



Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында 1 156 жұмыс орны құрылып, 138,3 миллиард теңгеге 23 жоба жүзеге асырылған.

Облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермаганбет әлеуметтік саланың даму қорытындысы туралы ақпарат берді. Атап айтқанда, білім беру саласында 20 мектеп салынып, 56 білім беру мекемесі жөндеуден өткізіліп, 87 пән кабинеттері жабықталыпты.

Был білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, үш ауысымдық білім беру мен оқушы орындарының тапшылығын жою шаралары қабылданып болады. Сондай-ақ 8 мектептің, екі қосалқы ғимараттың құрылысы жалғасып, Мұғалдар ауданының Қандыағаш, Ембі қалаларындағы, Алға ауданының Маржанбұлақ ауылдарындағы мектептерін, Қарғалы ауданындағы өнер мектебін, Ақтөбе

қаласындағы Қазанғап атындағы мектептің құрылысы басталмақ.

Жылы соңында Ондасын Оразалин Мемлекет басшысының тапсырмаларын толығымен орындау үшін барлық шараларды қабылдау керектігін атап өтті. «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықтың әл-ауқатын көтеру – алдымызда тұрған ең маңызды міндеттер. Бұл мәселелер қатаң бақылауда. Олардың шешіміне қолдау бар ресурстарды пайдалана отырып, үлкен жауапкершілікпен қару керек», – деп тауып-өткен облыс әкімі.

Қорыта айтқанда, өңірде COVID-19 індеті салдарынан туындаған қиыншылықтарға қарамастан, өткен жыл ойдағыдай қорытындыланған отыр. Сондай-ақ алдағы жылда біршама нақты іс-қимыл ауқымы белгіленіп, экономиканы дамытуға тың серпін беретін шаралар қабылданып қуантады.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



Әлемдік экономикадағы «ығысулар» \$3 трлн-нан асады

Стратегиялық жоспарлау, бизнес-үдерістерін оңтайландыру және ұйымдастыру, т.б. салаларда консалтингпен айналысатын Accenture компаниясы макроэкономикалық үлгілер негізіндегі «Құндылықтардың үлкен ығысуы» деген тақырыптағы зерттеулерін жариялады.

Онда 25 саладағы компаниялардан 38 мың мәліметтер енген, сондай-ақ мұнда әлемдік ІЖӨ-нің шамамен 80%-ы енісіңділері 15 елдегі ұй шаруашылықтарының шығындары туралы ақпараттар да бар, тұтынушылар қылығындағы ұзақ мерзімді өзгерістер талданған. Зерттеудегі мәліметтер тұтынушылардың мейлінше көп уақытын үйде өткізуде екенін, сондықтан мейрамханалар, дәстүрлі бөлшек сауда және коммерциялық жылжымайтын мүлік салалары жыл сайынғы табыстарының 2 трлн-нан астамын жоғалтулары мүмкіндігін анықтаған. «Нақты өміріміз компанияларының өз жұмыстарын қайта құрып, бизнес-үдерістерін қайта қарауды, сондықтан технологияларды көбірек қолданып, клиенттер және тұтынушылармен өзара іс-қимылда жаңа тәсілдер іздестіруге талап етеді», – деп есептейді Accenture компаниясы Ресей мен Қазақстандағы Тұтынушылар тауарлары, бөлшек сауда, фарминдустрия және коллік департаментінің басшысы Марко Спаццини Теста.



Ең төменгі жаалақы: Қазақстан соңғы орындардың бірінде

Шегерімдер қызметіне талдау жасайтын халықаралық Picodi компаниясының сарапшылары әлемнің 56 еліндегі ең төменгі еңбекақы қалай өзгергенін зерттеуден өткізген және оны базалық азық-түлік қоржымымен салыстырудан өткізді. Айта кету керек, ең төменгі жаалақыны ер елдің үкіметтері белгілейді, ал кейбір елдерде (Филиппин, Гонконг) ең төменгі еңбекақыдан тіпті салық ұсталмайды да екен.

Дегенмен, елдердің басым көпшілігінде «таза» және «лас» еңбекақылар арасындағы алшақтық екіден бастап, ондаған пайыздарға дейін құбылатын көрінеді. Сондықтан да зерттеулерде нетто сомасы қарастырылған, яғни жұмыскердің нақты қолына тиісін ақша көлемі ескерілген.

Қазақстан екінші жыл қатарынан осы рейтингтегі соңғы орындардың бірінде қалып келеді. Іс жүзінде ең төменгі еңбекке ақша төлеу өзгерген жоқ және сол күйі 42 500 теңгені құрайды, ал сактандыру жарналарының артуы салдарынан «таза» еңбекақы бытырғы жылдан төмендеп, енді 37 400 (2020 жылмен салыстырғанда -1,1%) теңге құрапты. Салыстырар болсақ, Германияда ең төменгі жаалақы 1,5%-ға, Ресейде – 5,5%-ға, Польшада – 9,8%-ға, ал Беларусьте – 6,7%-ға өскен.



Жаһандық рейтингте – 38-ші орын

Қазақстан Әлеуметтік жинақтылық жаһандық индексіне (Global Social Mobility Index) Ресей және Қытай сияқты елдерді басып озып, 38-ші орында табылған. Бұл туралы Дүниежүзілік экономикалық форум (ДЭФ) өзінің 2020 жылды қорытындылаған есептемесінде жария етті.

Ең үздік көрсеткішке (85,2 балл) Дания ең болса, екінші орында – Финляндия (83,6 балл), бұлардан кейін Норвегия (83,6 балл) мен Швеция (83,5 балл) жайғасқан.

«Еңбек жағдайы» көрсеткіші бойынша 69 баллмен 16-шы орын алған Қазақстан үздік-20 елдер қатарына кіріпті. Бұл параметр бойынша біздің еліміз Сингапур, Австралия және Канада сияқты бірқатар елдерді басып озған, деп жазады ДЭФ өзінің weforum.org сайтында.

Батыр РАХМЕТҮЛЛИН

## БИЗНЕС &amp; ҚАРЖЫ

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## ► ЗЕЙНЕТАҚЫ

## БЖЗК КОМИССИЯСЫ ТӨМЕНДЕТІЛДІ

Ұлттық банктің бастамасымен салымшылардың мүддесі үшін БЖЗК комиссиясы төмендеу мақсатында тиісті түзетулер енгізді.

Осы ретте 2 қантарда қабылданған заңға сәйкес, салымшылар өз зейнетақы жинақтарының бір бөлігін басқаруға аударуға алатын БЖЗК, Қазақстан Ұлттық банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар арасындағы комиссиялық сыйақы, сондай-ақ оның шекті мөлшерінің деңгейі төмендеді. «Қабылданған түзетулерге сәйкес, БЖЗК үшін тек зейнетақы активтерінен комиссия құрылады. Сонымен бірге көрсетілген комиссиялық сыйақының шекті мөлшері 60%-ға – зейнетақы активтерінен айнама 0,025% -дан 0,01% -ға дейін төмендетілді», делінген Ұлттық банк баспасөз қызметінің хабарламасында.

Ұлттық банк пен инвестициялық портфельді басқарушылар үшін шекті мөндерді белгідей отырып, инвестициялық кірістер бойынша комиссия қарастырылған. Инвестициялық кіріс бойынша нақты алынған комиссия мөлшері қайта қаралып, жыл сайын белгіленіп отырады. Сонымен қатар Ұлттық банктің ұсынысымен оның комиссиялық сыйақының шекті мөлшері инвестициялық кірістің 73% – 7,5%-дан 2,0% дейін төмендетілді.

Осыған дейін БЖЗК инвестициялық кірістен комиссия алған болса, енді жаңа талаптарға сәйкес сыйақы тікелей инвестициялық портфельді басқарушыға түседі. Бұл салымшыға инвестициялық портфельді басқарушының комиссиялық сыйақысын бақалауға мүмкіндік беріп, өзіне тиімді шарттарды таңдауға жағдай жасайды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы 2 қантарда зейнетақы жинағының бір бөлігін мақсатты пайдалануға қатысты заңға қол қойды. Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтары пайдалану үшін жаңартылған «жеткіліктілік шеші» жарияланды. Зейнетақы жинағын баспаған жұмсауға арналған онлайн-платформа іске қосылды, жинақтан алуға болатын сома БЖЗК сайтында автоматты түрде көрсетіледі.

## ► АХКО

## РЕТТЕУШІЛІК НАРЫҚ АҚПАРАТЫНА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК АРТАДЫ

АХКО-ның қаржылық қызметтер көрсетуші реттеу жөніндегі комитеті Refinitiv компаниясымен ынтымақтастық байланысты жолға қойды.

АХКО қаржылық қызметтер көрсетуші реттеу жөніндегі комитеті (AFSA) «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХКО) қатысушыларына сәйкестік туралы деректерге және реттеушілік нарық ақпаратына оңай қолжетімділікті ұсыну үшін Refinitiv-пен серіктестікті бастады. AFSA Refinitiv-пен ынтымақтастық АХКО қатысушылары арасында нарықтық ақпарат пен деректер платформаларына қол жеткізу арқылы нормативтік талаптарды сақтау мәселесін дамытуға ықпал етеді деп санайды.

Ынтымақтастық туралы шарт АХКО қатысушыларына Refinitiv-тен World-Check сервисіне икемді жазылу шарттарына рұқсат алуға және Қазақстан мен ТМД елдерінде талаптарды сақтау саласындағы іс-шараларға, тренингтерге қатысуға және тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Refinitiv – қаржы нарықтарының деректері мен инфрақұрылымын ұсынатын әлемдегі ең ірі компаниялардың бірі. Ол озық деректер мен идеяларды, сауда платформаларын, сондай-ақ сауда-саттық, инвестициялар, капиталды басқару, нормативтік талаптарды сақтау, нарық деректерін басқару, корпоративтік тәуекелдер және қаржылық қызметтермен күрес сияқты салалардағы өркендеген жаһандық қаржы нарықтары қоғамдастығын біріктіретін ашық деректер мен технологиялар платформаларын, сондай-ақ World-Check, Qual-ID және кеңейтілген кешенді тексеру қызметі сияқты нормативтік талаптарды сақтаумен байланысты бірқатар өнімдерді ұсынады.

## ► МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

## АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАРНАСЫ 95 МИЛЛИАРДТАН АСТЫ

Медициналық сақтандыру қорына жарна аудару көлемі жағынан Алматы қаласы көш бастап тұр.

Сақтандыру жүйесі іске қосылған 2017 жылдың I-шілдесінен бұнығы 18 қантарға дейінгі аралықта Медициналық сақтандыру қорына 503,8 млрд теңге жуық қаржы жинақталды. Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» БУАҚ Алматы қалалық филиалы хабарлады. «Жарналар мен аударымдардың көлемі жағынан Алматы қаласы көш бастап тұр – жинақталған соманың бестен бір бөлігі бұрынғыша, онтүстік астананың еншісінде. Жалпы, сақтандыру жүйесі іске қосылған 2017 жылдың I-шілдесі мен 2021 жылдың 18-қантары аралығында Алматы қаласының қорына 95,4 млрд теңгеден астам жарна аударылды. Оның 76,8 млрд теңгесі – жұмыс берушілердің қарамағындағы жұмыскерлер үшін жасаған аударымдары болса, қалған 18,6 млрд теңге – жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша енген ететіндерге тиесілі», – деді Алматы қалалық филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев.

Сондай-ақ, филиалдың баспасөз қызметі хабарлағандай, бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер саны да артып келеді. Алматы қаласы бойынша бұлттығы жылдың басынан бері өзін-өзі жұмыспен қамтыған 193 мыңнан астам адам 372 млн теңге көлемінде бірыңғай жиынтық төлем жасаған.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

## ► САРАПТАМА

## Ақшаны қайдан алған дұрыс?

Шындығында, нақ осындай сауалдың талайды толғандыратыны даусыз. Қоғамдық және басқа қаржы мәселесіне, жалпы ақша тұтыну саясатына қатысты ұйымдардың өкілдері бұл бағытта резервтер бар, тек соны іздестіру қажет деп есептейді. Осыны солардың өз пікірлерімен салыстыра отырып, сарапал көрейік.

## ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Егер де мемлекеттік бағдарламалар мен квазимемлекеттік сектор тиімділігіне тиянақты тексеріс жүргізілсе, солардың қорытындысы бойынша бірталай қаржыны үнемдеуге болар еді. Атап айтқанда, мемлекет «өз-өзіне пиар» жасауға қыруар сома қаражат жұмсайды, ал мемлекеттік сатып алу барысында бағалардың көтеріліп көрсетілуі де аз айтылып жүрген жоқ. Сөйте тұра, әлеуметтік сала қосымша қаржыландыруға мейлінше мүдделі күйде қалып келеді.

Осы туралы және де өзге маңызды мәселелерді «КИПР» (Саяси шешімдер институтының клубы) талдау тобының «Бюджеттік қаржыларды тиімді пайдалану мәселелері: табыстар мен шығындардағы ысырап» тақырыбындағы отырысына қатысушы сарапшылар кеңінен талқылады.

## АҚША АЗАЙДЫ, БІРАК ӨЛІ ДЕ РЕЗЕРВТЕР БАР

Сарапшылар мәжілісін «Кипр» тобының жетекшісі Ерлан Смайылов республикалық та, сондай-ақ жергілікті бюджеттердің де қаржылары қаншалықты тиімді жұмсалуда деген сауалмен бастады.

Мемлекет әлеуметтік бағдарламаларға қосымша қаржы таба алар ма екен? Ал мұндай қажеттілік қазірін әзірде-ақ туындады, өйткені әлеуметтік-экономикалық сала, жұқалап жеткізгеннің



қосып көрсетті. Онда бюджеттік қаржылардың тиімсіз пайдаланылғаны туралы айтылды.

– Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы (ҮИИД МБ) бойынша жеті жылда – 2012-2019 жылдары 5 трн теңге инвестиция салынған. Соның ішінде тікелей мақсатқа жетуге тек 15%-ы ғана пайдаланылған. Ал қалған 85%-ы – мониторингке, кеңес беруге, бағалауға, жариялауға жұмсалған. Жаңа бордюрлер одан да жанарак бордюрлерге ауыстырылған және т.б., мүмкін сол ақшаларды мек-тептерге жұмсау керек пе еді? – деп мысал келтіреді Смайылов.

Әйтенова болса, 2003 жылы республикалық бюджет 500 млрд теңгені құрады, ал бұл тіпті бір Алматының 2020 жылғы бюджетінен де аз. Содан бері бюджет көп есе артқан, бірақ та адам өмірі сапасының осылайша өсуі еш байқалмайды. – Оның орнына жеке капитал-

мек, әкімшілер бюджеттік бағдарламалардың игерілмеуін мемлекеттік органдардан «талап ететін болғаны», олар бұл қаржыларды кез-келген жолмен жұмсап тастауға тырысады. Бұл ретте оның пайдасы мен тиімділігіне бас қатырып жатпайды. Өйткені, келесі жылы оларға ақша азырақ беріледі.

– Республикалық та, жергілікті деңгейлерде де ақша қалай болғанда да жұмсалып тиіс, ал қалайша – бұл екінші мәселе, – дейді ол.

Доминин тиімділікке ешкім мониторинг жасап жатқан жоқ, деп атап айтып. Яғни бағдарламаға қанша ақша бөлінгені – белгілі, ал нәтижесінде қаншалықты ақша ағыны пайда болғаны – аян емес.

Әйтенова мұндай индикаторлар қолданылмайды, өйткені бұл жауапкершілікті талап ететін мәселе, деп есептейді. Ал, нақ осы «желел игеру» түрліше қаржылық талаптарды бұзушылыққа ұрындыруы ықтимал.

тікелей шығындарды ғана емес, табыстардың жеткілікті түспеуі де тексеріледі. Мысал үшін ол Есеп комитетінің 2017-2021 жылдарға арналған ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасын іске асыруды бағалау бойынша мәліметтеріне сілтеме жасайды.

– Инновациялық технологиялар енгізілмейді. Шағын ауыл шаруашылығы құрылымдары осы саладағы өнімдердің негізгі бөлігін өндіреді, бірақ сөйте тұра, олар субсидиялаудың ережелері талаптарына сәйкес болмауы салдарынан мемлекеттік қолдауды пайдалана алмайды. Аудит 2,8 млрд теңгенің қаржылық тәртіп бұзушылықтарын, 16,9 млрд теңгеге тиімсіз жоспарлауды, 44 миллиард – қаржыларды тиімсіз пайдалануды анықтаған. 44 миллиард теңгеге 30-ға жуық ақша төленуі сәулеті болды. Сондай-ақ халықтың 43%-ы ауылдық жерлерде тұрады, ал ІЖӨ-ге ауылдық аумақтардың үлесі – 5-тен 7%-ға дейін ғана екен. Егер мұнда салынған барлық инвестицияларды есепке алар болсақ, соншама қыруар ақша еш нәтиже бермеген, – деп тізбелейді Е.Смайылов.

Әйтенова да мемлекеттің өз-өзін жарнамалауына көптеген сома жұмсайтынын атап көрсетті. БАҚ-тар, блогерлер мен тағы да басқа жарияланымдарды айтуға болады.

– Жылына 50 миллиард теңге – бұл тек мемлекеттік тапсырыс қана. Бұдан басқа әкімдер өздері туралы жағымды материалдар жазуды тапсырады, – дейді ол.

Сарапшылар сонымен қатар экономиканың «сұрқай» секторынан да бюджеттің шығын шегетінін еске салып өтті. Смайыловтың айтуынша, 2018 жылы бұл жалпы көлемінен үштен бірінше бағаланған.

## АДАМИ КАПИТАЛҒА САЛУ ҚАЖЕТ

Мемлекеттік бағдарламаларды талқылау барысында Доминин тағы бір мәселені атап өтті. Шаралардың (мемлекеттік қаржылар жұмсалған) бағдарламалар мақсатына қаншалықты жауап бергені бағалмайды екен.

– Неге екені белгісіз, көптеген дамыған елдердегідей бізде біре-бір бағдарлама бойынша ең болмаса аралық бағалаулар жүргізілмейді. Әлдебір бағдарламаға осыншама ақша жұмсалды, ал қандай тиімділікке қол жеткізе алдық? Мемлекеттік органдар осындай талдаулармен айналысуға мәжбүр болуында ғана, біз үнемделуі тиіс қаржылардың нақты көлемін анықтай алмайық, – делі ол.

Жалпы алғанда, отырысқа қатысушылардың бюджет табыстарын арттыру үшін үлкен резервтер барына қатысты пікірлері бір жерден шықты. Бұл ақшаларды, соның ішінде әлеуметтік салаға да және адами капиталға да инвестициялауға өбден болады. Сондай-ақ оларды дұрыс пайдаланса, бұл болашақта үлкен дивидендтер береді, дейді сарапшылар бірауыздан.



өзінде, көділгідей ақсап қалған. Мәселен, ЮНИСЕФ-тің статистикасы бойынша, Қазақстандағы 18 миллион тұрғыны миллион келеді баладан келіп отыр.

«Zertux Research Institute» қоғамдық қорының директоры Шоппан Әйтенова бұрын қыруар ақша бар еді, қазір бірнеше есе азайып қалды, деп мәлімдеді.

– Біздің әлеуметімізді іс жүзінде түгескенімізді бірінші дәлелі – көп жылдардан бері алғаш рет Азия банкінен 1,5 млрд АҚШ долларын алып отырмыз. Және де оны ағымдағы шығындар үшін алады, – дейді ол.

Сондай-ақ Әйтенова өткен кезеңдерде алған ақшаларды да тиімдірек пайдалануға болар еді ғой, деп күйінеді.

Бұл сарапшының сөзіне Смайылов өзі де Есеп комитетінің есептемесіндегі мәліметтерді

ды мемлекеттік капиталдың елеуір ысығығанын көріп отырмыз. Және де мемлекеттің экономикада алмайғын рөлге не болғанына күміз, – деп Әйтенова.

## ҚАРЖЫ ТИМДІ ЖҰМСАЛУДА МА?

Экономист Сергей Доминин бюджет үдерісі барысында бірталай істер атқарылып деп есептейді. Мәселен, салыстырмалы түрдегі ұзақ мерзімді бюджетке көшеу. Оның үстіне, «бюджетті игеру» мәселесін іс жүзінде жемдік.

Алайда, бұл пунктте, мәжіліске қатысушылар қызу пікір білдіргендей, күтпеген кедергілер де бар екен. Смайылов, нәтижесінде «сападан өйтеуір игерудің артықшылығы» пайда болды, деп мәлімдеді. Де-

– Мемлекеттік бюджет пен мемлекеттік сатып алулар туралы әңгіме туындаса, бәрі де аса қымбат болып шығады. Нарықта бұл екі есе арзанға түскен болар еді. Мәселен, «Енбек» порталын (жұмысқа орналастыру бойынша) құрдық, ал ол 135 миллион теңгені құрады. Бірақ мұндай бағаның неге негізделгенін білмедім, – дейді ол.

## МЕМЛЕКЕТ ӨЗІН-ӨЗІ ЖАРНАМАЛАУҒА ҚЫРУАР АҚША ШЫҒЫНДАЙДЫ

Резервтер іздестіру жайында айта келе Смайылов, мемлекеттік бағдарламаларды, квазимемлекеттік секторды және жалпы алғанда, жағалай жұмса жоғалта бергенше, солардың барлығынан да тиімділігін тексерген дұрыс болар еді, дейді. Тек



# БИЗНЕС&ӨНЕРКӘСІП

## ▶ ОТАНДЫҚ ФАРМАЦЕВТИКА

> [ 1 ]

Ал соңғы 2 жылда компания экспорт көлемін 2,5 есе арттырды. Бүгінгі таңда кәсіпорынның дәрілік заттары Орталық Азия және ЕАЭО нарықтарында кең сұранысқа ие. Өнімдер сондай-ақ Тәжікстан, Түрікменстан, Моңғолия, Ресей және Қырғызстан сынды елдерге экспортталады. Енді Өзбекстан нарығын игере отырып, бұл бағытта да экспорты екі есе арттыру көзделіп отыр. Тағы бір маңызды бастама – Еуропалық одақтын дәрілік нарығына шығу. Сонымен 2023 жылға қарай экспорт көлемі 4 есе, яғни 16 млрд теңгеге дейін ұлғаймақ. Қазірде кәсіпорында 11 өндірістік желіде өндірілетін 9 түрлі нысандағы 120-дан астам дәрілік заттардың атаулары бар, ал бұл отандық өндірушінің оннан астам емдік топтарда ұсынылғанын көрсеткіші. Ірі фармацевтикалық өндірушінің дамуына Polpharma халықаралық фармацевтикалық компаниясы \$100 млн.-нан астам инвестиция салды. Компанияның өндірістік шикі GMP халықаралық стандарттарына сәйкес келеді, сондай-ақ GDP тиісті дистрибуторлық практикасы енгізілді.

Сол сияқты «Dolce-Pharm» фармацевтикалық компаниясы да жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, шығарылатын өнім көлемін 5 есе арттырды. 1998 жылы құрылған компания 23 жыл ішінде бір рет қолданылатын ММБ өндіру саласында ұлттық көшбасшы атанды. 2012 жылдан бастап экономиканың медициналық секторына дайын өнімді өндіру және сату көлемін белсенді түрде артқырады. Бүгінде компания түрлі медициналық өнімдердің 200-ге жуық түрін шығарады. Медициналық маскәлдердің 15 түрін шығарылады. Пандемиямен күрес аясында кәсіпорын медициналық маскәлдердің көлемін тәулігіне 60 мыңнан 360 мыңға дейін арттырды. Алматы облысындағы Ынтымақ ауылында орналасқан өндірістік кешенде 450 адам еңбек етеді. Зауытта 6 өндірістік цех бар. Бұған қоса, алдағы уақытта тоқылмаған жайма өндіретін зауыт салу, лейкопластыр өндірісін құру жоспарланады. Тоқылмаған жайма жобасы отандық кәсіпорындарды жеке қорғаныш құралдарын шығару үшін шикізатпен қамтамасыз ететін болады. Қоржынында 4 стратегиялық жобасы бар компания GDP стандарттары бойынша логистикалық орталық салуға құлшынып отыр.

Откен жылдың қорытындысы бойынша «Абди Ибрагим Глобал Фарм» ЖШС шығарылатын өнім көлемін 3%-ға ұлғайтты. Қазірде компанияның негізгі мақсаты – Қазақстанның фармацевтикалық саласын одан әрі дамыту және инновациялық өнімді сату мен жаңа жакты маркетингті қалыптастыру арқылы ТМД елдері арасында дәрілік заттардың экспорты бойынша жетекші орын алу.

Эпидемия кезінде дәрі-дәрмектер маңызды ресурс, ел азаматтарының өмірі соның қолжетімді болуына байланысты. Сондықтан жеткілікті қор



## Дәрі өндірісінің деңгейі

мен номенклатураны кеңейтуді қамтамасыз ете отырып отандық дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдардың өндірісіне серпін беру қажет. Осы мақсат үшін Үкімет отандық тауар өндірушілерді қолдау бойынша тиісті шараларды қабылдау. Саладағы өсім «СК-Фармация» бірінғай дистрибу-



торы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттарды жеткізудің, коронавирусы пандемиясы жағдайында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға сұраныстың көбеюіне орай бөлек саудада өткізудің ұлғаюымен де қамтамасыз етілуде. Қазіргі таңда отандық тауар өндірушілер дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың 5 042 мың атауына 88 ұзақ мерзімді шарт жасаған. Соңғы 7 жылда мемлекеттік қолдауын – дәрі-дәрмектерді жеткізудің ұзақ мерзімді шарттарының арасында «Химфарм» үлесі 4,7%-дан 6,0%-ға

дейін ұлғайды, бұл ретте 5 жыл ішінде «СК-Фармация»-мен келісімшарт сомасының 6,5 млрд-тан 19 млрд-қа дейін өскенін атап өту керек. Компания ірі жобаларды іске асыру аясында мемлекеттік қолдаудың жаңа шараларын қолдануға үміт артып отыр. Сол секілді «Dolce» ЖШС медициналық мақсаттағы

өндіріс қуаттылығы тәулігіне 1,2 млн данаға дейін медицина маскасын шығаруға мүмкіндік береді. Алматы, Қызылорда, Қостанайда, Шымкентте, Өскеменде, Көкшетауда және республиканың басқа да аймақтарында 70-тен астам тігін кәсіпорындары маска өндірісіне тартылған, олар күніне 700 мыңға дейін маска шығарады. Ал қорғаныш костюмдерін шығаратын 6 отандық компания қуаттылықты айына 1 млн.-ға дейін арттыра алады. Яғни, індеттің өршу қаупі тұса, фармацевтика саласының кәсіпорындары дәрілік заттардың қажетті көлемін қамтамасыз етуге дайын.

Откен жылдың қазан айында бекітілген фармацевтикалық өнеркәсіпті қамтуының 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары әзірленсе, жаңа дәрі-дәрмек шығару, жұмыс істеп тұрған өндірістердің қуатын арттыру қажеттілігі үшін өте маңызды. Кешенді жоспарда фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті қолдау және дамыту үшін негізгі бағыттар көзделген. Олардың арасында фармацевтика саласының кәсіпорындары дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысын реттейтін заңнамалық және нормативтік актілер, мемлекеттік қолдау шаралары, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, инвестициялар тарту, саланы кадрлық қамтамасыз ету, дәрі-дәрмектерді танбалау, олардың қадағалануы және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды отандық өндірушілердің қуаттылықтарын ылғайту бар. Кешенді жоспар 54 іс-шара мен 8 бөлімнен тұрады.

Атап өтерлігі, фармацевтикалық нарық құрылымы өткен жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша ақшалай мөнде отандық кәсіпорындардың нарыққа қатысуы 17%-ды, заттай мөнде 39%-ды құрайтынын көрсетті. Сонымен қатар кешенді жоспардың белгіленген іс-шараларын іске асыру шығарылатын дәрі-дәрмектер желісін 297 дәрілік зат атауына және 2 348 медициналық бұйым атауына қосымша кеңейтуді көздейді. Бұл елімізде дәрі-дәрмек және медициналық бұйымдар нарығындағы отандық өндірушілердің үлесін 2025 жылға қарай ақшалай мөнде 17%-дан 30%-ға дейін, заттай 39%-дан 50%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Қазақстан нарығында отандық өндірушілердің заттай көрінісеті 50% үлесіне қол жеткізу ұлттық дәрілік қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, ал ДДСУ әрбір елдің шығарылатын дәрілік заттары мен медициналық бұйымдарының үлесін кемінде 30%-ға қамтамасыз етуді ұсынады.

Жаңа дизель отынының бірінші партиясы ішкі нарықтағы қажеттілікті өтеу үшін шағын көлемде өндірілді. Алдағы уақытта сұранысқа қарай Алтай-45 дизель отынын өндіру көлемі ұлғайтын болады. 2019 жылы Атырау МӨЗ-і Қазақстандағы ең төмен температурадағы Khazar-38 дизель отынын өндірісін жолға қойған еді. Міне, енді Алтай-45 өндірісін бастауымен зауыт сүзгілеудің төмен температурасында аязға төзімді дизель өнімдері желісін шығаруды жалғастырды. Дизель отынының жоғары сапалы төмен температуралы түрлерін өндіру Атырау мұнай өңдеу зауытында үш кезеңді жаңғырту аясында жаңа қондырғыларды іске қосқаннан кейін мүмкін болды.

Атап өтерлігі, фармацевтикалық нарық құрылымы өткен жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша ақшалай мөнде отандық кәсіпорындардың нарыққа қатысуы 17%-ды, заттай мөнде 39%-ды құрайтынын көрсетті. Сонымен қатар кешенді жоспардың белгіленген іс-шараларын іске асыру шығарылатын дәрі-дәрмектер желісін 297 дәрілік зат атауына және 2 348 медициналық бұйым атауына қосымша кеңейтуді көздейді. Бұл елімізде дәрі-дәрмек және медициналық бұйымдар нарығындағы отандық өндірушілердің үлесін 2025 жылға қарай ақшалай мөнде 17%-дан 30%-ға дейін, заттай 39%-дан 50%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Қазақстан нарығында отандық өндірушілердің заттай көрінісеті 50% үлесіне қол жеткізу ұлттық дәрілік қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, ал ДДСУ әрбір елдің шығарылатын дәрілік заттары мен медициналық бұйымдарының үлесін кемінде 30%-ға қамтамасыз етуді ұсынады.

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ▶ ҚАЗМҰНАЙГАЗ

#### АЯЗДА ҚАТПАЙТЫН ОТЫН НАРЫҚКА ШЫҚТЫ

Елімізде минус 45°С температураға дейін қатпайтын Алтай-45 қысық дизель отыны шығарыла бастады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға қарасты Атырау МӨЗ-де 403 19154-38-2020 стандарты бойынша дайындалған ДТ-А-К5 Алтай-45 маркалы отын мұнайды терең өңдеу кешенінің Prime D 3205 дизель отынын гидротазарту қондырғысында шығарылды. Жаңа өнім К5 санатының экологиялық талаптарына сай келеді. Күкірттің аз мөлшерде болуы және төмен температуралық қасиеттерін жақсартатын қоспалардың жоқтығының арқасында өнім арктикалық дизель отынының сапасына сәйкес келеді. Атырау МӨЗ-і рекордтық қату температурасы төмен отын шығаратын еліміздегі алғашқы кешенін, деп хабарлайды компанияның баспасөз қызметі.

Жаңа дизель отынының бірінші партиясы ішкі нарықтағы қажеттілікті өтеу үшін шағын көлемде өндірілді. Алдағы уақытта сұранысқа қарай Алтай-45 дизель отынын өндіру көлемі ұлғайтын болады.

2019 жылы Атырау МӨЗ-і Қазақстандағы ең төмен температурадағы Khazar-38 дизель отынын өндірісін жолға қойған еді. Міне, енді Алтай-45 өндірісін бастауымен зауыт сүзгілеудің төмен температурасында аязға төзімді дизель өнімдері желісін шығаруды жалғастырды. Дизель отынының жоғары сапалы төмен температуралы түрлерін өндіру Атырау мұнай өңдеу зауытында үш кезеңді жаңғырту аясында жаңа қондырғыларды іске қосқаннан кейін мүмкін болды.

### ▶ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – 2021

#### ІРІ ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНБАҚ

Былтыр Қарағанды облысында «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы оң нәтиже берді.

Бұл туралы облыстық әкімдікте өткен Жұмыспен қамту жол картасының 2020 жылы қорытындылары мен былтыр жылға арналған жоспары талқыланған кешеніте айтылды. Был бағдарлама аясында 19 ірі жоба қолға алынды. Осы ретте шамамен 1 200 жұмыс орны құрылды деп жоспарланған, оның жұртшы тұлғалары болмақ.

Аталған жобалар қатарында облыс орталығында салынатын 600 орындық жаңа мектептің құрылысына қаражат бөлінді. Онкологиялық көмекті жақсарту үшін операциялық-реанимациялық блоктың және позитронды-эмиссиялық компьютерлік томография орталығының құрылысы басталды. Сондай-ақ облыстық балалар ауруханасын аяқтау мәселесі шешілді. Саран қаласында орталық қазандық салынып, бұрынғы РТБ зауыты ауданында тағы бір қазандық салу жоспарланады. Был орталықтандырылған қазандық іске қосылту тиіс Шаханда орнаишілік жылу желілерінің құрылысы қаржыландырылды. ЖЖЖК есебінен Балқашты жылуден қамтамасыз ету мәселесі шешіледі. Бірқатар қалалар мен ауылдық елді мекендерде жаңа су нысандары салынады. «ЖЖЖК жүзеге асыруда тұрақты жұмыс орындары мен ұзақ мерзімді экономикалық активтерді құруға баса назар аударды. Был алығар тек ЖЖЖК аясында несие беру қарастырылған. Құрылыс аяқталғаннан кейін пайдалану кезінде 800-ден астам адам тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды. Көптеген жүйелі мәселелер был шешілді. Бірде-бір қала немесе ауыл назардан тыс қалмады. Ол үшін ЖЖЖК-дан баса, түрлі мемлекеттік бағдарламалар мен облыстық бюджеттен қаражат қарастырылған», – делі облыс әкімі Жетексан Мамбаев.

Жұмыспен қамту жол картасы бойынша былтыр облыста 62 млрд теңгесінің 624 жобасы жүзеге асырылды. 16 мың жұмыс орны құрылды. Жұмыспен қамту орталықтары арқылы 8 мыңнан астам адам жұмысқа орналасты. Жергілікті тауар өндірушілер де қолдау тапты. Құрылыс және жөндеу жұмыстарында негізінен отандық материалдар пайдаланылды. Бағдарламаны іске асыру өңір бойынша жұмыссыздықтың төмен деңгейін сақтауға мүмкіндік берді. Нысандарда іске қосылған 575 бизнес объектісінде жұмыс орындары қамтамасыз етілді.

### ▶ ЭКСПОРТ

#### ОТАНДЫҚ АККУМУЛЯТОРЛАР СҰРАНЫСҚА ИЕ

«Kainar», «Bars», «Nomad», «Вожак» атауларымен Талдықорғанда шығарылатын аккумуляторлар ТМД елдерімен қатар Германия, Польша, Қытай және Біріккен Араб Әмірліктеріне экспортталады.

Бүгінде «Кайнар – АКБ» зауытында толықтай технологиялық тізбек жолға қойылған. Яғни қондырғын құрастырушы бұйымдарға мұқтаж емес. Ұсақ бөлшектерді құюдан бастап дайын аккумуляторларды бітеуге дейінгі барлық қажетті бұйымдар мен жұмыстар кәсіпорынның өз цехында жасалады. Батыр қараша айында зауытта аккумулятор батареялары өндірісінің жаңа желісін іске қосу рәсімі өтті. Бұл жоба «Кайнар – АКБ» мен Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар халықаралық орталығы (IGTIC) арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында іске асырылды. Жаңа желіні іске қосудың арқасында зауыттың өндірістік қуаты жылына 3,7 миллион аккумулятор шығаруға дейін артады. Қазір мұнда жылына 2,5 миллион данаға дейін аккумулятор батареясы шығарылады.

Рытай САҒЫНБЕКОВА



# БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

## ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Желішбай БЕКБОЛАТУЛЫ, ад-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры  
e-mail: Zhelishbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

### Сөз бен істің арасы алшақтамауы керек

Жақсы сөзді жарым ырысқа балаған халқымыз тарихтың қандай қиын кезеңдерінде де келешектен күдер үзбей, басқа тускен небір бұөбестерге салауат айтып, болашаққа үмітпен көз тіккен. Қол бастанған көсем мен сөз бастанған шешеннің, қара қылды қақ жарған тура билің қадір-қасиеті де нақ осындай ел тағдыры сыналған тұстарда таразыға тартылған. Ал, Тәтіқара ақын жыраға қосқан болат найзалы батырдың ерлігі «алдыдан су, арттан жау қысқанда» безбегте түскен. Жырау айтқан «басы майда қамыстың тартып сайла қалған», ел ерге қараған заманда ат жалын түбей мінген азамат Сөз қадірін өз қадірінен жоғары бағалаған.

Ғаламдқ шаруашылық байланыстар баяулап, экономикалық белсенділік бөсендеген, бейнелеп айтқанда «алдыдан өлем елдерін шаршаған пандемия, арттан өмірің қарқынды төмендеткен рецессия қысқан» қазіргі сәтте отандық кәсіпкердің қолтықтан демейтін жылы сөзге, қолдайтын қаржы көмегіне зәру боу отырғанын сөзсіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі бұл тұрғыдан алғанда кезекті алқады жиындағы дәстүрлі сөз емес. Мемлекет басшысының «ел-жұртымыз егемендігіміздің төртінші онжылдығына қалам басар тұста бұрын болмаған жаңа сын-қатерлермен бетпелеп келіп отырғаны» туралы тұжырымына орай заң шығарушы билік құрылымына биыл, Тәтіқара жырауына айтсақ, «алдыдан су, арттан жау қысқанда» қиын да қысылтаын тұста сайланған депутаттарды бұрынғының тілімен төбе билер деп атағанымыз, сөйтіп, оларға халықтың, мемлекеттің алдына зор жауапкершілік жүктенеміз орында. Өйткені, төбе билердің Сөз мен Ісі ашақ кетпеген. Осыған орай Президент те «тарихи кезеңде сені маңдатына ен болған депутаттар ел үмітін қатпа, Отанымды адал қызмет етеді деп қамп сенемін», деп атап өтіп, «бәрімізді зор міндеттер мен ауқымды істер» күтіп тұрғанына тоқталды. «Құрамы жаңғырған жаңа Мәжілістің қызметке кірісуі еліміз үшін символдық мөні бар екі оқиғаман тұспа-тұс келеді. Біз қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі межесіне қадам бастық. Сондай-ақ қазіргі заманғы Қазақстан парламентаризмі шірек қасырық белеске жетті. Біз ғана емес, күллі дүниежүзі мүлде жаңа дәуірге бет бұрды. Өркеніеттің даму жолы мен әлемдік құрылымның түп негізі түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Алдымызда сынақтар мен сын-қатерлер аз болмайды. Дегенмен, барлығымыздың ен басты міндетіміз – пандемияның салдарын еңсеру. XXI ғасырдың жинама бірінші жылы бәрін алдымыз үшін бетбұрыс кезеңіне айналмақ. Бұл жыл алдымыз онжылдықтың басты бағдарын айқындайды. Мұндай күрделі жағдайла уақыттан ұтылуға және бір сәтке де босануға болмайды. Біз қиындықтармен күресіп қана қоймай, жаңғыруға жол ашып, жаңа серпінге не болады. Осы қарқынды сақтап, бағдарымыздан жаңылмау өте маңызды. Сондықтан Тәуелсіздіктің 30 жылдығында кешенді реформалар жүргізілетін болады», деп Қасым-Жомарт Тоқаев төбе билердің алдында тұрған іргелі міндеттерге тоқталды.

Мемлекет басшысы ұлттық экономиканың үдемелі өсуінеіз азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету мүмкін еместігіне, сондықтан да шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсету, сондай-ақ жалпы алғанда бизнеске қолайлы жағдайлар жасау керектілігі емес, көзбен көріп, қолмен ұстайтын нақты нәтижені күтеді. Халық зорлықпен қарамай, әлеуметтік бағдарламалардың жемісті болғанын қалайды.

Мемлекет басшысының «біз осы мақсаттағы ауқымды жұмыстарға барлық белсенді азаматтарды тартамыз. Олардың өркінісіне өз тағдырына әсер ететін шешімдерді қабылдауда өздері тікелей қатысатынын білген, ортақ іске үдеу қосып жатқанын сезінген жөн» деген тұжырымы өте маңызды. Осыған орай үдеу үдесінен көріну және Сөз бен Іс арасының алшақтамауы депутат мандатын неленген халық қалауларына ғана қатысты тірілік болмауы керек, оны бүкіл ел болып қалағандымыз қажет.

### НАРЫҚ: НЕСИЕ

# Қандай банктер белсенділік танытты?

Қатерлі індет кезінде банктер белсенділік танытты дегенге сену қиын болса да, олардың басым көпшілігі кредиттеуді тоқтатпағаны даусыз. Сондықтан да бұл шолудымызда сауалды: «Қандай банктер коронавирус қиыншылықтар туындатқан дағдарысты жылы халық пен экономиканы кредиттеумен белсендірек айналысты?» деп айқындағанымыз жөн болар. Бұл ретте бізге өз мәліметтерімен Finprom.kz сайты көмекке келгенін де айта кеткен орында.

### ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Шындап келгенде, аса ауыр 2020-шы жылды Қазақстандағы 26 екінші деңгейлі банктің (ЕДБ) 15-і ғана плюспен қорытындылаған екен. Солардың ішінде тек 5 қаржы институтының ғана қоржындары сапасын нашарлатпай, қалыпты деңгейде ұстап қала алған.

Ағымдағы жылдың басынан бері, «коронадағдарысқа» қарамастан, Қазақстандағы екінші деңгейлі банктер несиені қоржындары 672,6 млрд теңгеге (немесе 4,6%), 15,41 трлн теңгеге дейін артқан. Әйтсе де, банктің бәрі бірдей плюспен емес: жоғарыда айтып өткендей, 26 екінші деңгейлі банктің тек 15-і ғана өсіммен ерекшеленген.

Өсімді абсолютті көшбасшысы – еліміздің аса ірі қаржы институты, алпауыт Halyk Bank (Халық Банк): бірден 374,6 млрд теңге плюс, 4,62 трлн теңгеге дейін. Айта кету керек, банк кредиттеу көлемін белсенді түрде және жылдық серпінде де арттыра түскен: плюс 517,3 млрд теңге – бұл да сектор бойынша ен жоғары көрсеткіш. Halyk Bank бизнес пен халықты қолдаудың мемлекеттік

бағдарламаларына белсенді қатысады. Мәселен, қаржы институты індет салдарынан төтенше жағдай режимі енгізілуі нәтижесінде зардап шеккен отандық шағын және орта кәсіпкерлік субъекттері мен жеке кәсіпкерлерге жеңілдетілген қаржыланулар ұсынады.

Екінші орында – Сбербанк: плюс 205,3 млрд теңге, 1,65 трлн теңгеге дейін. Үздік кредиторлар үшінгі мемлекеттік Отбасы банк түйіндейді: жыл басынан бері плюс 182,6 млрд теңге, 1,25 трлн теңгеге дейін. Банк тұрғын үй құрылысы жинақтарының жүзесі бойынша жеңілдетілген ипотекаға мамандандырылған, бұл азаматтарымыз үшін, әсіресе дағдарысты кезеңде, айрықша өзекті мәселе екені сөзсіз (1-таблица).

Дағдарыс пен халықтың әл-

1-таблица  
ҚР ЕДБ несиені қоржындары, 2020 ж. қазан (млрд теңге)

ҚР ЕДБ	Барлығы		Бір жылда	
	2020 ж. қазан	2019 ж. қазан	2020 ж. қазан	2019 ж. қазан
Жыл басынан бері қорытынған Банктер:	15 414,6	672,6	1122,7	9,1
Halyk Bank	4 620,4	374,6	517,3	5,8
Сбербанк	1 652,9	205,3	207,9	6,7
Отбасы банк	1 253,5	182,6	293,1	2,1
Bank RBK	520,0	114,7	138,3	8,1
Bank ЦентрКредит	1 184,7	76,8	85,1	8,6
Альфа-Банк	352,8	40,8	58,3	1,2
Allyn Bank	243,3	26,1	51,8	6,7
Bank BTB	162,3	26,1	43,9	5,8
Forte Bank	764,4	12,9	57,6	11,3
Kaspi Bank	1 427,7	10,4	117,3	4,9
Al Hilal Ислам Банкі	22,4	8,5	9,1	8,6
Қытай Сауда-Әнеркәсіп Банкі	67,4	5,8	4,9	1,2
КЭИ Банкі	62,1	1,6	8,6	1,2
«Заман Банкі» Ислам Банкі	14,5	1,2	1,4	6,7
Қазақстандағы Қытай Банкі	28,8	1,1	6,7	1,2
<b>Басқалары</b>	<b>3 032,5</b>	<b>-317,1</b>	<b>-375,6</b>	

ҚР Ұлттық Банкі мәліметтері негізінде

2-таблица

Төлемдері 90 күннен жоғары өтіп кеткен кредиттер, 2020 ж. қазан (млрд теңге)

ҚР ЕДБ	Барлығы	Жыл басынан бергі өсім	Қоржының үлесі
Жыл басынан бері қорытынған ЕДБ-тер:	1 247,3	48,5	8,1%
Halyk Bank	270,3	-41,3	5,8%
Kaspi Bank	95,5	-5,3	6,7%
Альфа-Банк	9,4	-2,0	2,7%
Bank RBK	40,8	-1,8	7,8%
«Заман Банкі» Ислам Банкі	0,4	-0,1	2,9%
Қазақстандағы Қытай Банкі	0,6	0,02	2,2%
КЭИ Банкі	1,3	0,1	2,1%
Отбасы банк	2,6	1,1	0,2%
Allyn Bank	2,2	1,4	0,9%
Bank BTB	9,5	2,3	5,9%
Bank ЦентрКредит	74,8	6,4	6,3%
Forte Bank	59,0	13,9	7,7%
Сбербанк	91,7	21,9	5,5%
Al Hilal Ислам Банкі	-	-	-
Қытай Сауда-Әнеркәсіп Банкі	-	-	-
<b>Басқалары</b>	<b>589,1</b>	<b>58,2</b>	<b>19,4%</b>

ҚР Ұлттық Банкі мәліметтері негізінде

ауқаты құлдырауы аясында, сондай-ақ локалдуар мен пандемия салдарынан экономикалық белсенділік әлсіреп, елімізде кредитті қайтару айтарлықтай нашарлап кеткен.

Мәселен, төлем мерзімдері «үзак» уақыт 90 күннен артық өтіп кеткен (NPL 90+) кредиттер көлемі жиы басынан бері бірден 48,5 млрд теңгеге, 1,25 трлн теңгеге дейін өскен. Деген-

мен, реттеуші белгілеген ен жоғары деңгей – 10% жағдайында несиені қоржынындағы кредиттеу көлемінің өзі 8,1% ғана өсуі тіркелген.

Ағымдағы жылы несиені қоржындарын өсірген 15 банктің арасында NPL 90+ көлемдерін тек 5 екінші деңгейлі банк төмендеткен алған. Үздік көрсеткіштер – Halyk Bank-те: жыл басынан бері минус 41,3 млрд теңге, 270,3 млрд теңгеге дейін. Бұл жылдың басындағы 7,3%-ға қарағанда, банк қоржынының бар-жоғы 5,8%-ы ғана.

Үздік активтерін сондай-ақ Kaspi Bank, Альфа-Банк, Bank RBK және «Заман-Банк» ислам банкі де қысқарта алған. Қоржындары өсуін көрсеткен, қаржы институттарының ішіндегі 8 банкіде, «үзак» мерзімі өткендері өскен; тағы 2 банктің жұмыстарында шаң мөнінде тіпті мерзімі өтіп кеткен займдар пайда болу мүмкіндігі жоқ десе де болғандай (2-таблица).

### СЫРТҚЫ ФАКТОР



# 8-15 қаңтар аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу\*

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 15 қаңтарда теңгенің нарықтық бағамы кезең ішінде 0,1%-ға (418,96-ден) әсіреп, бір АҚШ доллары үшін 419,54 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2021 жылғы 8-15 қаңтар аралығындағы кезеңде дамушы елдер валюталарының серпіні апта ішінде әртүрлі бағытта болды. АҚШ-тың сайланған президенті Д.Байден \$1,9 трлн-ға экономиканы қолдау жоспарын ұсынды. Өкілдер палатасы Капитолий ғимаратындағы төртпіндіктерге байланысты Д.Трампа импичмент жариялады. АҚШ ФРЖ төрағасы облигацияларды сатып алу бағдарламасын қысқарту туралы талқылаулардың мерзімін бұрын болғанын атап өтіп, таяу арада мөлшерлемелердің көтерілімі туралы хабарлады. АҚШ-тағы бөлшек сауда екінші ай қатарынан төмендеуде (желтоқсанда – 0,7% м/м), бұл Covid-19-бен ауырғандар санының өсуіне байланысты экономика қарқынының бәсеңдегенін білдіреді. Д.Трампа КХР әскери-өнеркәсіптік кешеніне қатысты күдіктерге байланысты 9 Қытай компаниясына инвестициялауға тыйым салатын жарлыққа қол қойды.

Дамушы елдер валюталарының\*\* АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:

- Бразилия реалы ФРЖ шеуніктерінің ақша-кредит саясатының ағымдағы өлшемдерін сақтау және АҚШ-та жаңа ынталандырулар қабылдаудың келесі туралы түсініктемелеріне байланысты АҚШ доллары бағамының әсіреуі аясында 2,2%-ға (5,42-ден 5,3-ке дейін) нығайды;
- Мексика песосы Д.Байден ұсынған АҚШ-тағы жаңа ынталандыру пакеті туралы хабарламаларға байланысты инвесторлардың түгелімен дәрежесінің артуы аясында 1,1%-ға (20,02-ден 19,8-ге дейін) нығайды;
- Ресей рублі ОПЕК+ өндіру бойынша қысқартулардың сақталуына және АҚШ-та қорлардың төмендегені туралы деректерге байланысты мұнай бағасының 2020 жылғы ақпандан бастап ен жоғары белгілерге (\$54-тен жоғары) жетуі аясында 0,7%-ға (74,06-ден 73,55-ке дейін) нығайды. Қаржы министрілігі бюджет қайғыларды шеңберінде шұғыл нарықта валюта сатып алушы (күнне 7,1 млрд рубльден 4 ақпандан дейін – орташа күндік сауда көлемінің 2%-ға жуығы) жарнартауа;
- Оңтүстік Африка ранды жаһандық түгелімен дәрежесінің жасауы аясында, сондай-ақ тауаудағы отырыста негізгі мөлшерлемесінің 3,5% деңгейінде өзгеріссіз сақталуын күту кезінде 0,5%-ға (15,3-тен 15,23-ке дейін) нығайды;
- Үнді руписы акциялар нарығына шетелдік портфельдік инвестициялардың өкелінуі аясында 0,2%-ға (73,25-тен 73,07-ге дейін) нығайды;
- Индонезия руписы бір аптада өзгерген жоқ, 14,02 деңгейінде қалды;
- Түрік лирасы Түркия президентінің инфляцияны төмендету үшін пайыздық мөлшерлемесінің қысқарту қажеттілігі туралы түсініктемелері аясында 1,6%-ға (7,35-тен 7,47-ге дейін) әсіреді.



ландыру пакеті туралы хабарламаларға байланысты инвесторлардың түгелімен дәрежесінің артуы аясында 1,1%-ға (20,02-ден 19,8-ге дейін) нығайды;

\* шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дереккөздерінде негізінде атап айта отырмайды;  
\*\* АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.



# БИЗНЕС & ҚОҒАМ

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев таяуда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрiнe қымбат» атты мақаласында мемлекеттік тілге қатысты салмақты ой бiлдiрiп, қазақ тіліне ерекше мән берген.

### НҰРЛАН ҚҰМАР

«Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма Үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас бұын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ен бастысы, ынта болуы керек», – деп Президент.

Мемлекет басшысы елімізде тұрып жатқан барлық этнос



# Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің темірқазығы

өкілдері қазақ тілін білуі қажет екендігіне баса назар аудартады. «Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-шы жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеп көбейді. Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір арты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және екіпідіктері қалыптасты. Мәселе – нитетте. Нитеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгерісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты», – деген пікірінен-ақ мемлекеттік тілге деген құрмет әрбір қазақстандықтың бойынан табылуы қажет екендігін түсінуге болады.

Иә, мемлекеттік тілдің дамуына Қазақстан халқы ассамблеясының да қосын жатқан үлесі барыншық. Көпшілікке жақсы белгілі, 1995 жылдың I наурызында Қазақстан халқы ассамблеясы құрылды. Бұл – ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым. Ассамблея 471-ден астам республикалық, өңірлік, облыстық, қаладық ұлттық-мәдени бірлестіктерді, 500-ге жуық кіші ассамблея мүшелерінің басын біріктіріп, еліміздегі ұлтаралық татулық пен ынтымақтастық ісіне қызмет етіп келеді.

Бүгінде елімізді мекендейтін әрбір этностың салт-дәстүрін жаңғыртуға, мәдениеті мен өлең-бейнелі дамуына, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетіледі. Осының бәрі Елбасының қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын дұрыс таңдап, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тиімді тетіктерін жасай білуінің арқасында мүмкін болуда. Өзара түсіністік пен келісім, өртүрлі ұлттар өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарау әлебі барлық этностарға ортақ жалпыхалықтық идеалдар мен қасиеттері қалыптастыруға әсер етті. Өзіндік этносаралық және конфессияаралық келісімнің жетілдірілген моделі қалыптасқан ассамблеяның ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтуды ерекше маңызды бар. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1996 жылы қабылдаған Жарлығы бойынша I мабару – Қазақстан халқының бірлігі күні болып белгіленген айтулы мереке биыл 25-ші рет тойланбақшы.

Тұңғыш Президентіміздің сарабдан саясатымен негізгі қалған

**Атсалим ИДИГОВ,**  
*Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі,  
ҚР Президенті сыйлығының лауреаты:*

– Қазақстан халқы ассамблеясы «Мемлекеттік тілді ұлықтайы!» атты ұзақ мерзімді республикалық акцияны қолға алса жақсы болар еді. Акция шеңберінде қазақ тілін дәріптейтін күнделікті «Фонглек үстелдері», семинарлар, ток-шоулар мен байқаулар, әртүрлі оқулар, тіл ғалымдарымен кездесулер, тегін дәрістер ұйымдастырылып тұрса деймін. Нәтижесінде, қазіргі таңда жетіспей жатқан тілдік ортаның қалыптасуына жол ашылады. Ең бастысы, адамдар мемлекеттік тілде ойлауға үйренеді, құрметі артады деп есептеймін.

Елбасының «Қазақ қазақпен қазаққа сөйлесің!» деген танымал сөзі бар. «Мемлекеттік тіл – біздің тіліміз! Қазақ тілін біз сыйлағанда, басқа кім сыйлайды? Біз қорғамасақ, кім қорғайды? Біз сақтамасақ, кім сақтайды?». Мемлекеттік тілді білмейтіндерге осы сөздерді аударып, ішкі мағынасына үңілуі ұсынамын. Одан кейін алатын қаптімен қайтадан қазақ тілінде жазуы қажет. Сіз үшін Ұлы даланың ұлы мұрасы, әлемдегі ең бай әрі түркілердің ең таза тілі – қазақ тілін үйренудің маңызы зор.

**Алла ЧЕЧЕТКИНА, журналист:**

– Ұлтым – молдаван. Өзім қазақтың салт-дәстүрі және мәдениетімен сусындап өскемін. Қазақ тілін білу үшін мен сияқты көрші қазақ әжеңіз тәрбиесін көріп осы керек. Сол кісінің қолдың сары майын қосып дайындаған таба нанның дәмі әлі таңдаулымын кетпейді. Ата-анамның ағылымен қазақ саныбында оқығым. Қазір Алматы Байұрсынұв атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде журналистика мамандығы бойынша магистратурада оқимын. Қазақтың нанын жең, суын ішіп өскендіктен, ең алдымен қазақ тіліне құрмет көрсетілуін жөн деп білемін. Мемлекеттік тілде сөйлесек, білуге тырыссақ, біздің егемендігімізге қосқан үлесіміз немен өшінеді?! Барлық қандас бауырларымыз қазақ тілін білуге, сүзге, өмірлік ризаны азық етуге шақырамын. Жаһандану заманында қазақты тәрбие ұмытылмаса екен деп тілеймін.

**Василий ПАК, IT саласының маманы:**

– Батыс Қазақстан облысының тұрғынымын. Әке-шешем жұмыс барысымен Қызылордадан елімізді өзгесіңіріне орныққан болатын. Ал аталарым сонау отызыншы жылдары Кореядан Қазақстанға қоныс тепкен. Қолбалалы отбасынан шыққанмын. Ауылда тұрып қазақ мектебінде оқыдым. Достарымының барлығы қазақ болды. Қазақстанда тұратын барлық азамат тек мемлекеттік тілде сөйлеуі тиіс. Ұлтым кәріс болса да, өзімді қазақтың деп сезінемін. Алматыда көптен бері тұрып келемін. Бұл әсем қалада өзге ұлт арасында отетіп байқауларға да қатысқанмын.

еліміздің бүгінгі өркенді даму жолын «тілі басқа тілегі бір, жүзі басқа жүрегі бір» әрбір қазақстандық жоғары бағалайды. Өйткені, қоғамның барлық құры-әлеуетін бір мақсатқа жұмылдырғанда ғана еліміздегі барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасы қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ ұрпақтар сабақтастығы арқылы татулықты, сенім мен бірлікті сақтауға өте маңызды. Өйткені, тұрақтылық – біздің татулықымыз берік болуы үшін табан тірейтін тұғырымыз. Олай болса бірлік – баға жетпес байлығымыз. Келер күнгі келесі келесіке жетелейтін жарқын жолымыз, мызғамас мемлекетіміздің жолымыз тұтастығына тірек болып табылады.

Қазақстан халқы ассамблеясы этностар арасындағы татулық пен бірлікті қалыптастыруда елеулі істер атқаруда. Елімізді мекендеу этностарының тілін, мәдени мұраларын дамытуында, жастарды

патриоттық сезімге тәрбиелеудің маңызды зор. Ауызбіршілік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемлік құрған жерде алға қойған ортақ мақсат қашанда нәтижеді болатыны белгілі. Елімізде қалыптасқан ұлтаралық келісім мен тұрақтылықтың арқасында мемлекеттік өркендеп, ігері бауып келеді. Бейбітшіліксүйгіш Қазақстан халқының татулығын, ынтымақ-бірлігі – біздің еліміздің басты байлығы. Бірінші мамыр, яғни ынтымақ пен бірлік күні Қазақстан аумағында тұрып жатқан үл пен ұлы өкілдері киелі қара шаңырақта тұта-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын мерекелейді. Еліміздегі этностарды бұрынғыдан да жақындастыру үшін бүкіл Қазақстанда жаппай патриоттық шерулер өтеді. Жалпыхалықтық мейрамада әрбір ұлттық-мәдени орталықтар дәстүр мен салта толы түрлі көріністер көрсетеді. Спорт түрлерінен жа-

рыстар ұйымдастырылады. Алайда, көкейде жүрген ойымызды, яғни осындай шараларда мемлекеттік тілдің мәртебесі өз биігінде болса ғой деген тілегімізді жасыра алмаймыз.

Кезінде Ақордала өткен алқалы жиында сол кездегі мемлекеттік хатшы Марат Тәжиннің «... Кез келген ел, тіпті бұған дейін этностық қарым-қатынас салынып барыныша либеральды саясат жүргізгендердің өздері бүгінде мемлекеттік тілді міндетті түрде білуге бағдарлануда...» деген сөзін естіп қатты қуандық. Мысалы, Ресейде орыс тілін білмесен мемлекеттік қызметтің нышанын да жүре алмайсың. Сондай-ақ АҚШ, Франция, Жапония, Қытай, тағы басқа алпауыт елдердің бәрінде де мемлекеттік тілдің мәртебесі биік тұрады. Сондықтан алдағы мерекелік шараларда мемлекеттік тілдің мәртебесін сай мерейін өсіруге көзделсе, нұр үстіне нұр болар еді.

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ► ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

#### ЖЕТІ МЫҢ ШАҚЫРЫМ ЖОЛ САЛЫНАДЫ

Биыл елімізде «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында 7 мың шақырым жол салынады.

Инфрақұрылымды дамытуға арналған бағдарлама бойынша алдағы құрылыс маусымында атқарылатын жұмыстар республикалық және жергілікті маңызы бар жолдың 7,1 мың шақырымын қамтитын болады. ИИДМ баспасөз қызметінің мәліметіне сәйкес, «республикалық маңызы бар жолдардың 3,6 мың шақырымында құрылыс және қайта құру жұмыстары жүргізіледі. Республикалық тасжолдардың 585 шақырымын күрделі, 663 шақырымын орташа күндеумен қамту көзделген. Бұдан бөлек, жергілікті автожолдар желісінің 1,3 мың шақырымын жол жөндеу жұмыстарының барлық түрін қамтылып, жақсы және қанағаттанарлық жолдардың үлесі 76%-ды құрамақ.

Сонымен қатар биыл бірінші тоқсанда тестілік пайдалануға берілетін жалпы ұзындығы 5,8 мың шақырымдық ақыл жол учаскелерін екінші тоқсанда толықтай іске қосу көзделіп отыр. Осы жылдың соңына дейін жол бойындағы қызмет көрсету нысандарының 66%-ын ұлттық стандарт талаптарына сәйкестендіру, сондай-ақ қайта құру аясында 40 санитарлық-гигиеналық торап орнату жоспарланған. Жеке инвестициялар есебінен осындай жағдай жасалған 33 жанармай бекеті және 15 санитарлық-гигиеналық торап тұрғызылмақ. Сондай-ақ келісім аясында жыл соңына дейін төрт «Compass» заманауи автожолдар кешені салынады.

### ► ALMATY BUSINESS – 2025

#### ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ КӨЗДЕЛГЕН

«Almaty business – 2025» бағдарламасы аясында 40-тан астам жоба мақұлданды.

Алматыда өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Almaty business – 2025» бағдарламасы аясында көсіпкерлерді қаржылай қолдау шаралары сөз болды. Брифингте «Almaty Finance» ЖШС басқарма төрағасының орынбасары Занар Сәлімбаев 8,3 млрд теңге сомаға 42 жобаны қаржыландыру мақұлданығанын хабарлады. Оның ішінде 26 жоба 6,8 млрд теңге көлемінде қаржыландырылған. 800 млн теңге сомасындағы жобалар егжей-тегжейлі пысықталуда. Жобаларды іске асыру жүзден астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Несие экономиканың әр түрлі салаларындағы жобаларды іске асыруға бағытталған. Оның ішінде өнеркәсіп саласына – 6 жоба, жиһаз өнеркәсібіне – 5 жоба, денсаулық сақтау саласына – 4 жоба, білім беру және спорт саласына 2 жоба бойынша берілді. Оған жалпы көлемі 6 млрд теңге бөлінді.

Айта кетейік, «Almaty Finance» компаниясы қала басшысы Бақытжан Сағынтаевтың бастамасымен «Almaty Business – 2025» көсіпкерлікті дамытудың өңірлік бағдарламасы аясында 2019 жылы құрылған болатын. Компания тек Алматы қаласында тіркелген, ісін жана бастаған және жұмыс істеп тұрған бизнесті қаржыландырады. Несие теңгеміне 7% мерзімге, 2%-дық жылдық мөлшерлемесімен айналым қаржының толықтыру және инвестициялық мақсатта беріледі.

«Almaty Business – 2025» бағдарламасы бойынша бизнесті жүргізу үшін қолдай жағдайлар жасау, қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру, өкімшілік келісілдерді азайту, ШОБ инфрақұрылымын дамыту, көсіпкерлерді қолдау, оқыту және инвесторлар тарту көзделген. Бағдарлама аясында «Qoldau» көсіпкерлік орталығы, «Almaty Finance» және «Almaty» микроқаржы ұйымы құрылды.

### ► ӨНІРЛІК ДАМУ: АУЫЗ СУ

#### БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫ БЫЛТЫРҒЫДАН КӨП

Қызылжар өңірінде ауылдарды сумен қамтуға 10,7 млрд теңге бөлінді.

Бұл туралы Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінде өткен жылдың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен алдағы міндеттер айқындалған жиында айтылды. Өткен жыл пандемияға байланысты ауыр болғанымен, өңір көптеген көрсеткіш бойынша алдыңғы орындарда келеді. Былтыр сумен қамтуға 6,5 млрд теңге бөлінді, 76 ауылға сапалы су жеткізуге жумалған. 335 шақырым су желісі күрделі жөндеді, 2900 үйге су тартылды. Қазір ауыл тұрғындарының 82% -і сапалы ауыз сумен қамтылған. «Биыл да бұл жұмыстар жалғаспай. Сумен қамтуға 10,7 млрд теңге бөлінген, бұл былтырғыдан 1,6 есе артық. Өткен жылдары ауылдарды тарту желілерін қалыпта кетірілді. Енді мекен тұрғындарын тұрақты түрде сапалы сумен қамту үшін толық су желілерін және келірі қажет. Сол себепті осы жұмыстарға қаржыны біттен жылдан 5 есе артық болды, 1,1-ден 5,8 млрд теңгеге жеткізді. Бұл негізгі сүрікүш құрылыстарды, 3 ірі сорғы стансасын, таза суға арналған 2 резервуарын және басқа да нысандарды және келтіруге мүмкіндік береді», – деп облыс әкімі Құмар Ақсақалов.

Ауыл-ауылда үйлерге су кіргізу жұмыстары да жалғасады. Биыл жоспар бойынша 3 мың үйге су тартыламық. «Тұрғындардың үйлеріне су кіргізуге кететін шығынның барыныша азайту қажет. Бұл біздің қолымыздан келеді. Ол үшін құдықтардың санын арттыру керек. Бұл үй мен желіге қосылу ара қашықтығын азайтады», – дей келіп облыс басшысы су тарту желілерінің жобасын жасағанда осы мәселені ескеруді тапсырды.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА



# МӘДЕНИЕТ & SPORT

## ▶ КУПТАРАЛЫҚ ІС!



### Мемлекеттік тілді білу – заман талабы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақ тілін жетік меңгермеген отандастарымызға жасаған үндеуінен кейін, KAZGUU Университеті мемлекеттік тілді қолдау мақсатында тегін ауызекі сөйлеу клубын ашты.

#### АЙЖАН ЖАСБАТЫРҚЫЗЫ

«Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Халқымызда «Ештен кеш жаксы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек», – деген болатын Президент 2021 жылдың басында «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған мақаласында. «Біз 2020 жылдың соңында ағылшын тілін оқытатын әлеуметтік жоба бастаған болатынбыз. Соның негізінде идеясы өзгеше «Кел, қазақша сөйлесейік!» клубы құрылып отыр. Мұнда сабақ ұлттық менталитет, тарих пен фольклордың ерекшеліктерін,

казак халқының құндылықтары мен басымдықтарын ескере отырып, арнайы әдістеме бойынша өткізіледі. Ауызекі сөйлеу клубының мүшелері әлеуметтік маңызы бар мәселелер мен қоғамның өзекті тақырыптарын талқылайды», – деді М.С.Нәрікбаев атындағы КАЗГПУ, Жоғары гуманитарлық мектебінің директоры Анар Ибраева.

Университет баспасөз қызметінің хабарлауынша, сабақ аптасына екі рет ZOOM платформасында және офлайн форматта өтеді. Алғашқы сабақ осы айдың аяғында сағат 17:00-де басталады. Қызығушылық танытқан кез келген адам сілтеме <http://bit.ly/qazsoile> арқылы өтіп, қазірден бастап жобаға тіркеле алады.

Елордалық университеттің сайтында клуб жұмысына қазақ тілінде сөйлеу дағдысын жетілдіргісі келетін кез келген адам қатыса алатыны жазылған. Клуб мүшелерінің жаз ерекшелігі, қазақ тілін білу деңгейі маңызды емес. Тегін курсты білікті мамандар жүргізеді.

## ▶ ДУБІРАІ ДОДА

### Дохада жүлдесіз қалдық



Әлемдік рейтингте 49 орында тұрған қазақстандық теннисші Александр Бублик Түркияның Анталия қаласында өткен ATP турнирінің финалына шыққан болатын.

#### АЙБОЛ КӘДІРБАЙ

Жартылай финалдық сайыста жерлесіміз әлемнің 72-ші ракеткасы, 33 жастағы Францияның өкілі Жерми Шардмен күш сынасты. 2 сағат 5 минутқа созылған асыл ашысынан түсті. Есеп – 6:4, 6:7, 6:3. Оның алдында ол үш бірдей италиялық теннисші – Сальваторе Карузо, Тристана Ламазина және Маттео Берреттинден басым түскен еді. Бублик аяқтас қысына австралиялық Алекс де Минаурмен шеберлік байқасты. Жасыл құрлықтың өкілі бұл күндері ATP рейтингінде 23 орында иеленуде.

Естеріңізге сала кетейік, осының алдында ғана Әбу-

Дабиде өткен WTA турнирінде Қазақстанның соқ теннисшісі – Елена Рыбачкина мен Юлия Путинцева өнер көрсеткен еді. Юлия үшінші айналымда америкалық Софья Кенинге есе жіберсе, Елена ширек финалда беларусиялық Елена Соболенкодан ұтылды.

Финалда Бублик ATP рейтингінде 23 орында тұрған австралиялық Алекс де Минаурмен жолықты. Окінішке қарай, алдағы аймаққа алған жаракаты сыр беріп, жерлесіміз кездесуді жалғастыра алмады. Жеті минуттан кейін ол қортан кетті. Осылайша, бас жүлде жасы құрлықтың өкіліне бұйырды.

Қатардың астанасы Дохада дүниежүзілік Мастерс турнирі өз мәресіне жетті. Бұл жарыста әр салмақ дәрежесі бойынша әлемдік рейтингтегі ең үздік 36 балуан ғана қатысты. Тағамитке шыққан алты өреніміздің ешқайсысы да жеңіс тұғырына көтеріле алмады.

## ▶ ТАЛБЕСІК

# Ұлттық паркте – ТҰҢҒЫШ ВИЗИТ-ОРТАЛЫҚ

Алматыдағы «Іле-Алатау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде алғашқы визит-орталық өз жұмысын бастады.

#### САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Аюсай шатқалында орналасқан орталық келушілерге ұлттық парк жайлы толық ақпарат ұсынатын, білім берумен және ағарту жұмысымен айналысатын кешенге айналмақ. Оны таныстыру шарасына ҚР экология, геоология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар әлемі комитетінің төрағасы Асхат Қайнарбеков, қоғам белсенділері, ұлттық паркте экотуризмді дамыту бойынша құрылған Қоғамдық кеңес мүшелері мен БАҚ өкілдері қатысты.

«Жалпы Іле-Алатауға 2019 жылы 300 мыңға жуық адам келді. Өрине, бытыр пандемияға байланысты туристер аздау болды. Инфрақұрылымды дұрыстау арқылы осы туристер ағынын реттеу керек. Ал визит-орталықтың салынуы экологиялық туризмді өркендетіп, табиғат ескерткіштері туралы ақпарат беріп, дұрыс бағыт сілтеуге, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды насихаттауға мүмкіндік ашады. Флора мен фауна туралы балаларға көбірек түсіндіруге, сабақтар өткізуге мүмкіндік туып отыр», – деді нысанның маңыздылығы туралы «Іле-Алатау» мемлекеттік ұлттық



табиғи паркінің бас директоры Дамир Малғалиев.

Визит-орталықтың модулі экологиялық материалдардан – отандық ағаш конструкциядан жасалған. Ғимараттың негізіне бетон құйылмай, оның орнына металл байлауы бар геобұрандалардан қойылды. Жобаны танымау сипатталуы архитектор дайындаған. Ғимарат Аюсай шатқалының ландшафтына үйлесіп тұр. Визит-орталық WI-FI интернет желісіне қосылған. «Аюсай» визит-орталығы үш модульден тұрады. Өр модуль шамамен 200 шаршы метрден тұрады. Ғимарат толығы-

мен ағаштан және әйнектен тұрғызылды. Американдық технологияны қолдана отырып, жеңіл конструкция түрінде құрастырылды. Іле-Алатаудағы экотуризмді дамыту жобасы аясында тағы да 4 шатқалда 6 визит-орталық салынбақ. Осы жылы үшеуін Үлкен Алматы көлінің маңында, Мұзтау және Түрген шатқалында тұрғызуды жоспарлап отырмыз», – деп атап өтті «Turanga Group» компаниясының басшысы Александр Гужавин.

Аюсай шатқалына инфрақұрылым жасалмас бұрын ұлттық парк қызметкерлері Қазақ ұлттық университетімен және Зоология

институтымен бірлесіп экологиялық мониторинг жүргізіп, қоршаған ортаға түсетін рекреациялық жүктемесін есепке алған. Өзірге техникалық режимде жұмыс істеп тұрған визит-орталық қантар айының басынан бері 300-ге жуық адам қабылдап үлгерді. Шатқалда қоршаған ортаға зиян келтірмей әрі қауіпсіз демалуың негіздерін түсіндіру үшін «Тамыр» жабайы табиғатта болу мектебі жұмыс істеп жатыр. Онда волонтерлер мен кәсіби альпинистер тегін лекциялар жүргізеді. Визит-орталық ішінде экологиялық сабақтар үшін арнайы зал да ашылды.

Визит-орталық қызметінің негізінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экотуризмді орнықты дамыту идеясы туралы мәлімдемесі жатыр. Себебі оның салынуы парк аумағында эко-туризмді өркендетуге бағытталған инфрақұрылымның алғашқы баспалдағы деп атауға болады.

Жалпы, «Turanga Group» экотуризмді дамыту жобасы аясында төрт жыл ішінде 155 шақырым жауау жүру соқпағы жөнделіп, 17 жаңа жауау және велосипед жолдары ашылмақ. Бұдан бөлек 10 глэмпинг, 2 кемпинг, 1 этноауыл мен 1 қарағанның тұрғызылды. Осы тәжірибесін пайдалана отырып, Алматы облысындағы өзге де ұлттық парктарде визит-орталықтар тұрғызу жоспары бар.

## ▶ НАРЫК

# Көлік өндірісінің көлемі артты

Orbis Kazakhstan компаниялар тобының автомобильдік бөлімшесі Orbis Auto компаниясы Орал қаласындағы Volkswagen ресми дилерлік орталығын қайта жаңартудың толық аяқталғаны туралы хабарлады. Автосалонды реконструкциялау бай тарихы бар танымал брендтің соңғы жоғары стандарттарына, дәстүрлері мен құндылықтарына сәйкес жүргізілді. Volkswagen өңірлік дилерлік орталығын толық қайта жаңартуға Orbis Auto инвестициялары 1 миллион долларды құрады.

#### НУРЛАН ҚҰМАР

Оралдағы Volkswagen Дилерлік орталығын реконструкциялау бытырғы жылдың жазында басталды және жарты жылдан астам уақытқа созылды. Былғы жылдың басында автосалон өз клиенттерін жаңа форматта қабылдай бастады. Қайта жаңартылған орталықтың қызмет көрсету аймағының ауданы – 420 шаршы метр, шоу-румының ауданы – 510 шаршы метрді құрады.

Автосалонның идентикасы мен жиһазы толығымен жаңартылды, ал ғимараттың қасбетінде Volkswagen брендінің жана логотипі пайда болды. Жаңартылған орталықтың сервистік станциясында жабдық толығымен жаңартылды, енді ол Volkswagen халықаралық стандартының соңғы критерийлеріне сәйкес келеді, ал клиенттерді күтудің жана аймағы автомобильдің жөндеудің онлайн режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

«Біз Орал қаласында Volkswagen жаңартылған Дилерлік орталығының есігін ашып, шаңымызға қуаныштымыз, мұнда сіз арманыңыздағы көлікті ыңғайлы жағдайда сатып алып қана қоймай, сонымен қатар



көптеген қызметтерін ала аласыз. Қайта жаңартылған дилерлік орталық бренд саясаты мен дәстүріне адал, ал оның техникалық жабдықталуы барлық халықаралық стандарттарға сәй келеді. Орталық қызметкерлері 2020 жылы 150-ден астам оқыту тренингтерін өтті, енді алған дағдыларын жұмыста қолдануға дайын», – деп атап өтті Orbis Auto бас директоры Динара Сысқакова.

Оралдағы Volkswagen дилерлік орталығының клиенттеріне Volkswagen ресми дилері ұсынатын қызметтер мен сервисстердің барлық спектрі қолжетімді. Олардың ішінде жеңіл және коммерциялық модельдердің кеңейтілген желісінен автомобильдер таңдау, жана автомобильде айырбақтауды артықшылықтары ұсынатын Trade-In бағдарламасы, сондай-ак

автонселеудің әртүрлі бағдарламалары бар.

«Біз үшін клиенттерімізге жоғары деңгейдегі сервисті ұсыну маңызды. Сондықтан біз автокөлік сатып алуды және кешенді қызмет көрсетуді барынша ыңғайлы етуге және өз клиенттерімізді қонақжайлылықпен қуантауға тырысамыз. Автосалон қайта жаңартылған кейін оның мүмкіндіктері осы мақсаттарға сәйкес келеді. Жана форматтағы жұмыс аймақтағы Volkswagen брендінің позициясын нығайтуға көмектеседі деп үміттенеміз», – деді Volkswagen Centre Uralsk директоры Артём Пашенко.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Оралда 210 Volkswagen автокөлігі сатылды. Жалпы Қазақстан бойынша портфельде төрт VW автосалонның кіретін Orbis Auto компаниясы брендтің 1690 бірлік жеңіл автомобильдерін сатты,

бұл 2019 жылға қарағанда 392 автомобильге артық. VW коммерциялық техникасынан сату 84 бірлікті құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 33-ке көп.

Orbis Auto – Orbis Kazakhstan компаниялар тобының автосалондық бөлімшесі, елдің автомобиль ритейлінің ірі ойыншыларының қатарына кіреді. 2012 жылдың 28 қыркүйегінде құрылған. Штаб-пәтері Алматыда.

Orbis Auto брендтерінің портфельіне 10 автокөлік маркасы, 1 арнайы бренд және 1 жүк техникасы бренді кіреді: Toyota, Nissan, Mitsubishi, Hyundai, Cadillac, Audi, Porsche, Chevrolet, Volkswagen, JAC, JCB, Hino.

Orbis Auto дилерлік желісін Қазақстан Республикасында 22 автосалон және Қырғыз Республикасында 1 дилерлік орталығы бар.

Қазақ ГАЗЕТТЕРІ  
Құрылтайшы және шығарушысы: «ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Бас редактор – АКСАТЖУТОВ  
Бас редактордың орынбасары – ЖУМАҚАЛИЕВА  
Шымылдин ПАТТЕЕВ  
Қайыратуы Бөлмесі 272-87-30  
Жарыма бөлмі 267-00-44  
www.tengemonitor.kazgazeta.kz  
E-mail: kaz\_gazeta@mail.ru

TENGE MONITOR  
Бөлім редакторлары: Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ, Истан ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚҰМАР  
Бетшеуі: Ернар ОРМАНОВ  
«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:  
Ақтөбе облысында: Жанғабай Қабақбаев 8 711 769-63-22  
Маңғыстау облысында: Бектур Телуғалиев 8 701 774-2141  
Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. ©Сәулет басылмақ.

АҚПАЛДАСТАР АЛҚАСЫ:  
АЛШАНОВ Рахман  
ӘБДИМАННОВ Сарсенғали  
БЕКБОЛАТҰЛЫ Желісбай  
ЕСПОЛОВ Телестек  
ҚАЛИЕВ Ғани  
НҮРСЕЙІТ Айтқали  
САҒАДИЕВ Қызылғали  
САЛПАСЕВ Әбжанар  
САТЫБАЛДИН Шыңғайш  
ТЕМІРБЕКОВ Нұрлан

Тапсырыс: 1503.  
Таралымы: 5000.  
Газет аптасына 1 рет шығады.  
Газет «Дәур» РТБК ЖШС-да басылады.  
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй.  
Тел.: 273-50-53.

МЕМН ЖАЙЛЫҚ:  
050013, Алматы қаласы,  
Жетісу ауданы,  
175-А кәсіп  
463-Бөлме (Пошта) р/с  
тел: 272-87-84  
404-Бөлме (Бас редактор)  
тел: 267-36-34  
факс: 272-86-11

E-mail: kaz@kazonline.kz  
www.tengemonitor.kazgazeta.kz  
www.kazonline.kz  
Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ